

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266-санынан бастап қайта жаңғыртты

ҰЛТТЫҚ РУХ НЕМЕСЕ КЕШ ОРАЛҒАН ТАРИХИ ӘДІЛДІК



05

«ҚАЗАҚҚА» ҚАЙТА ҒҰМЫР СЫЙЛАҒАН ҚАЛАМҒЕР



11



...БІЗ «ҚАСІРЕТТІ
ҚАҢТАРДАН» МЫНАДАЙ
МАҢЫЗДЫ САБАҚ
АЛДЫҚ: МЕМЛЕКЕТТЕГІ
ЕҢ ЖОҒАРЫ МАУАЗЫМДЫ
ТҰЛҒАНЫҢ ҚОЛЫНДА
БАРЛЫҚ ӨКІЛЕТТІК
ШОҒЫРЛАҢУЫ ОҒАН ЖА-
ҚЫН ТҰЛҒАЛАР МЕН
ҚАРЖЫЛЫҚ-ОЛИГАРХИЯ-
ЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ЫҚПА-
ЛЫН ОРЫНСЫЗ КҮШЕЙТЕДІ.
СОСЫН ОЛАР МЕМЛЕ-
КЕТТІ ЖЕКЕ МЕНШІГІ СИЯҚТЫ
КӨРЕ БАСТАЙДЫ...

ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙЫ РЕСМИ ТҮРДЕ БАСТАЛДЫ



■ ЮНЕСКО деңгейінде тойланатын тұлғалар тізіміне енген Роза Бағланованың эксклюзивті мүсіні

Өнер адамының табиғатқа тартып туатыны жиі айтылады. Неге десеңіз, кісіге талантты табиғат сыйлайды. Табиғат сан алуан жемісін беретін мәуелі ағаш секілді. Демек, хас дарын – табиғаттың түлегі. Ал, қазақ топырағы сыйға тартқан сондай біртуар талант, өз өмірін елмен, жермен етене бауырластырған тұлғаларымыздың бірі – оюлы қамзолын, бүрмелі көйлегін, үкілі тақиясын тастамай киіп, әлем сахналарында ұлттық киімімізді насихаттаған ән әлеміндегі бірінші адам, ұлт тарихына есімі алтын әріппен жазылған КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Халық қаһарманы, «Тарлан» сыйлығының иегері, мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде тойланатын тұлғалар тізіміне енген қазақтың күміс көмей әншісі Роза Тәжібайқызы Бағланова.

Қызжібек ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ

■ ТІЛ ЖЕТКІЗБЕГЕН ОЙДЫ ӘНІМЕН ЖЕТКІЗЕ БІЛГЕН ӘНШІ

Биыл Роза апамыздың туғанына 100 жыл. ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтетін әншінің бір ғасырлық тойы тұсында таңымдық мәні бар тұщымды дүниелер кеңінен насихатталып жатыр. Бұл да болса рухани дүниемізді жаңғыртудағы әдемі әрекеттің бірі.

Рухани дүниенің қадірі кеткен қазіргі күнде кімді-кім тыңдап жатыр дейміз, десек те әр ұрпақ өз кезеңінен сөз қозғайды, біздің сөмке сүйретіп мектепте жүрген кезіміздегідей әнді жаппай тыңдамаса да, тыңдаушылар бар. Оған дәлел – Роза апамыздың өмір, өнер сапарын дәріптеу мақсатында мемлекеттің тікелей қолдауымен өтіп жатқан мәдени іс-шаралар.

08-бетте

ӨТЕЛМЕГЕН СЫЙАҚЫ

ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІНЕ БЕРІЛГЕН 2 МЛН ДОЛЛАРҒА ЖУЫҚ СЫЙАҚЫ ЖЕЛГЕ ҰШТЫ МА?



■ 2014 жылы Қазақстан азаматтығын алған әзербайжандық Ниджат Рахимовтың 2016 жылғы Рио Олимпиадасындағы қуанышы ұзаққа созылған жоқ, 22 наурызда қазақстандық ауыр атлет Спорттық арбитраж сотының (CAS) шешімімен допингке қарсы ережені өрескел бұзғаны үшін Рио Олимпиадасының алтын медалінен айырылып, сегіз жылға спорттан шеттетілді...

Соңғы жылдардағы допинг дауы ауыр атлетиканың түбіне жететін болды. Дегенмен, Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) 2028 жылғы Лос-Анджелестегі (АҚШ) ойындарда ауыр атлетика додасының өту-өтпеуін әлі нақтылаған жоқ. Бірақ, Парижден кейін ауыр атлеттер Олимпиадамен қоштасуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Өйткені, Халықаралық Олимпиада комитетінің жыл басында өткен 139-шы сессиясында Лос-Анджелестегі Олимпиада ойындарының алдын-ала бағдарламасына ұсынылған 28 спорт түрінің ішінде ауыр атлетика болмай шықты.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

■ ДОПИНГ ДАУЫ: АУЫР АТЛЕТТЕР 2028 ЖЫЛЫ ОЛИМПИАДАМЕН ҚОШТАСА МА?

Осындайда Беймбет Майлиннің «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» деген әңгімесі еріксіз еске түседі. Ал, ауыр атлетикадағы даудың басы допингтен басталды. Өкінішке қарай, допинг дауы сөз болғанда еліміз де амалсыз-дан жерге қарайды. Оған бірнеше себеп те бар.

07-бетте

ҚАҢТАР САБАҒЫ

ЗАҢ КҮШІНЕН АЙЫРЫЛҒАН ЖЕРДЕ ЖАУЫЗДЫҚ БАСТАЛАДЫ

Қоғам қалыпты өмірге қайта орала бергенде, Еуропарламент елімізде орын алған Қаңтар оқиғасын әлемдік саясат тақтасына шығарып, өре түрегелді. Бұған қалай түзуге болады?! Бұл жерде бір ақиқат бар. «...Отанды алдамау үшін, өзін алданбау үшін мен онымен, Отанмен қандай да болсын қатты сөзге баруға дайынмын» принципімен кетсек, өзімізді-өзіміз алдаған да болар едік. Демек, бізге бұл кір атақтан қорғану керек болып тұр. Пушкин императордың таяғының астында қалғанда да өкпені Отанына итеріп тастамаған. «Мен өз Отанымды жеме-жемге келгенде жерден алып, жерге салуым мүмкін, бірақ оны өзге біреулердің басына жол бере алмаймын», – деген. Демек, күрес – біреуді жеңу мақсатында жүрмеуі тиіс. Ешкім жеңілмесе, ең үлкен жеңіс сол. Осы орайдағы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Мен үшін мемлекет мүддесі біреумен жақсы қарым-қатынастан жоғары», – деуі үндес келеді. Соны біз жете түсінуіміз керек.

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ

■ ҚОҒАМДА ТҰНШЫҒЫП ЖАТҚАН БІРАЗ МӘСЕЛЕНІҢ БЕТІ АШЫЛДЫ

Еуропарламент дауысы символдарға негізделген. Демек, ол табиғатынан жасанды қоғамның айқайы. Онда кез келген шындық көзбояушылыққа тән. Яғни, қоғамдық мақұлдауды алмаған заңдар – заң болып табылмайды. Еуропалық қоғамнан гөрі, заңдылықты американдықтар қатты ұстанады. АҚШ Конгресіне кіреберіс қақпада «Заңға деген адалдық Отанға және өз халқыңа деген адалдықтан жоғарырақ» деп жазылып қойылған көрінеді. «Егер заңға тіл бітсе, ол ең алдымен заң шығарушыларды айыптар еді-ау», – депті Дж. Галифакс. Демек, бұл жерде заң халыққа қызмет етуі тиістігі айтылса керек. Батыстың парызы – ақыл айтып, нұсқау беру емес, Қазақстанға қолдау көрсетіп, адам құқығы мәселесін оңтайлы шешуге практикалық көмек көрсету болуы тиіс.

04-бетте

АҚОРДА АЙНАСЫ

Бүгін, 29 наурызда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауды жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Бұл туралы Ақорданың ресми сайты хабарлады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ЖОЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША
КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



Отырысқа Премьер-Министр, Парламент Мәжілісінің Төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Президент Әкімшілігінің Басшысы және оның орынбасарлары, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының төрағасы қатысты.

Мемлекет басшысы жиынға қатысушылардың ұсыныстарын тыңдап, биылғы Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын тиімді жүзеге асыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

Газет шығатын сейсенбі, яғни 22 наурыз Ұлыстың Ұлы күнімен тұспа-тұс келгендіктен «Қазақ» газетінің бұл саны қосарланып жарық көргенін хабарлаймыз!

Жамбыл облысына қарасты Шу ауданының әкімі Сәкен Арубаев жұмыс кестесіне сәйкес Бірлік ауылында құрылысы жүріп жатқан көкөніс сақтау, көкөніс пен жемістерді қайта өңдеу және орамалау цехының жұмысымен танысты.

ШУ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ
САЛЫНЫП ЖАТҚАН
КӨКӨНІС САҚТАУ ҚОЙМАСЫНЫҢ
ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Аталған нысан көкөністер мен жемістерді температуралық және микроклиматтық режимде 20 мыңнан 30 мың тоннаға дейін сақтау және қайта өңдеуді көздейді.

Аудан әкімі жобаның тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстарға оң баға беріп, алдағы уақытта тиісті жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

Сәкен Қаланұлы Алға ауылында орналасқан күн электр станциясының жұмысымен де танысты. Аталған нысан 500 га жер көлеміне орналасқан және күн сәулесінен 100 МВт/сағ. электр энергиясын өндіреді. Жобаны «M-Cat Green» ЖШС жүзеге асырып, қазіргі таңда жұмыс жүргізуде.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ұсынған ауқымды саяси өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық шараларды іске асыру үшін Жалпыұлттық жоспар әзірленді. Жоспар 10 негізгі бағыт бойынша 36 тармақтан тұрады.

Жалпыұлттық жоспардың бірінші кезектегі іс-шараларының қатарында «Президенттің өкілеттіктері туралы», «Өкілді билік тармағын қайта құру», «Сайлау жүйесін жетілдіру», «Құқық қорғау институттарын күшейту», «Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және азаматтық қоғам рөлін нығайту», «Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталық-сыздандыру», «Елдің әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру» және басқа да тармақтар қарастырылған.

ҚР Премьер-Министрінің айтуынша, алдағы маңызды саяси реформаларды жүзеге асыру үшін Президенттің өкілеттігі, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің, мәслихаттардың, әкімдердің функциялары мен оларды құру тәртібі, саяси партия құру мәселелеріне қатысты конституциялық заңдар мен басқа да заңдарға өзгерістер енгізу қажет.

Қазақстан заңнамасында әкімдер мен олардың орынбасарларына саяси партиялардың филиалдарында қызмет атқаруға тыйым салынады, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитетінің, Конституциялық кеңестің төрағалары мен мүшелерінің партиядан міндетті түрде шығуы туралы ереже енгізіледі. Сондай-ақ, Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының бағыттарының бірі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциялық сотын

Алматы қаласының бас имамы Төлеби Дәділұлының шақыруымен қоғамдық кеңес мүшелері, қоғам белсенділері мен журналистер мерекелік дастарханда бас қосты. Бұл туралы Алматы Орталық мешітінің Баспасөз қызметі хабарлады.

Күн мен түннің теңелер, жер бусанып көктемнің шырайы келетін ұлттық мереке – Әз-Наурыз! Осынау айтулы мереке қарсаңында Алматы Орталық мешітінің алаңында қазақы киіз үй тігіліп, жайылған салтанатты дастарханда наурыз көже тарту етілді. Қоғамдық кеңес мүшелері, қоғам белсенділері мен журналистер оюмен өрнектелген он екі қанатты ақ боз үйде ұлттық сусын-тағамдардан дәм татып, әсерлі әңгіме мен ақ тілектер жолдады. Ел Тәуелсіздігінің тыныштығы мен тұрақтылығы жолында дәстүр мен діннің сабақтастығы аса маңызға ие екенін тілге тиек етті. Келген қонақтарға кәдесый ретінде ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлының Наурыз мерекесімен арнайы құттықтау хаты, мұғият баспасынан жақында жарық көрген «Қазақстандағы ислам тарихы» кітабы мен ұлттық дәм салынған қоралар үлестірілді.

«Наурыз – бағзы заманнан бері ұлт ретінде ерекше мән беріп келе жатқан ұлттық

ЖОЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ
ЖОСПАРЫ ҚАБЫЛДАНДЫ



құру, жазаның бір түрі ретінде өлім жазасын Конституциядан алып тастау, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін және оның Конституциялық сотқа жүгіну құқығын конституциялық регламенттеу мен кепілдігін қамтамасыз ету жоспарланды.

Жалпыұлттық жоспардың оныншы бағыты аясында қаржы жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз етуге, инфляцияны бақылауға және төмендетуге, көлік-логистикалық тізбектердегі алшақтықты қысқартуға, сыртқы сауда қызметін қолдауға және ынталандыруға, экономика салаларын қолдауға және инвестициялар тартуға бағытталған Дағдарысқа қарсы шаралар

жоспарының жобасы әзірленетін болады.

Отырыста сөз сөйлеген Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары алға қойылған міндеттерге толық сәйкес келетінін және барлық келісу рәсімдерінен өткенін атап өтті.

«Аталған жоспарды орындауға дереу кірісуіміз қажет. Ондағы әрбір іс-шараның сапалы және уақытылы орындалуына бірінші басшылар тікелей жауапты екенін баса айтқым келеді. Орынбасарларыма жоспардың орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырамын», – деп тапсырма берді Әлихан Смайылов.

ОРТАЛЫҚ МЕШІТТЕ ӘЗ-НАУРЫЗ
ДАСТАРХАНЫ ЖАЙЫЛДЫ



мерекеміз. Бұл күнде дуалы ауыз ақсақалдар дастархан басында бата беріп, ренжіскендер кешірім жолын ұстанып, татуласу сынды сауапты һәм салауатты шаралар біріне-бірі ұласып жатады. Алла Тағала осындай шуақты күндерімізді еселесін!» делінген Бас

мұғияттың құттықтау хатында.

Осы орайда қонақтар Алматы Орталық мешіті ұжымы мен дін қызметкерлеріне алғыс айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі. Халық бірлігі мен ынтымағы үшін дұға жасалып, бата берілді.

Әйелдерге арналған «Ұмай» ипотекасының жаңа шарттары 29 наурыздан бастап қолданысқа енеді. Бұл туралы «Отбасы банк» АҚ-ның Баспасөз қызметі хабарлады.

Бағдарламаға қатысу үшін отбасының айлық табысы (күйеуі мен әйелінің) немесе несие алушының бір айдағы кірісі 320 мың теңгеден аспауы тиіс болса, енді ол екі есеге артып, 640 мың теңгені құрайды.

«Енді отбасы табысы 550 000 теңгеге дейін болса, несие тұрғын үйді бағалау құнының 85 пайызы мөлшерінде, ал 640 000 теңгеге дейін болса, 80 пайызы мөлшерінде беріледі» делінген хабарламада.

«Ұмай» ипотекасын алу үшін бастапқы жарна – тұрғын үй құнының 15 пайызын құрайды. Оны бірден сатушыға төлеуге болады. Мөлшерлеме 12 пайыздан басталып, кейін 3,5 пайызға дейін төмендейді. Несие-леу мерзімі – 25 жылға дейін. Мысалы, несие 14 жылға рәсімделсе, алғашқы 10 жылда мөлшерлеме 12%-ды, қалған 4 жылда 3,5%-ды құрайды.

«ҰМАЙ» ИПОТЕКАСЫНЫҢ
ШАРТТАРЫ 29 НАУРЫЗДАН
БАСТАП ЖЕҢІЛДЕЙДІ



Студенттердің әлеуметтік және қоғамдық белсенділігін дамыту – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің стратегиялық басымдықтарының бірі. Бұл бағытта білім алушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту, студенттердің корпоративтік мәдениет деңгейін көтеру және оларды тұлға ретінде қалыптастыру үлкен маңызға ие. Осы мақсатты жүзеге асыру бағытында университеттің Басқарма төрағасы – ректор Гүлмира Қанай студенттік қоғамның белсенді өкілдерімен кездесті.

Town hall форматында ұйымдастырылған басқосуда студенттер мен жас оқытушылар тарапынан пікірлер айтылып, көптеген ұсыныстар жеткізілді. Олардың қатарында студенттік ұйымдардың жұмысын жетілдіру, университетте қызықты да әсерлі студенттік өмірді қалыптастыру, академиялық ұтқырлық пен қызығушылықты білім беру бағдарламаларының аясын кеңейту сынды мәселелер бар.

Екі жақты тиімділікке негізделген жиында қойылған сауалдарға Басқарма мүшелері жан-жақты жауап берді. Сондай-ақ, олар кездесу барысында айтылған ұсыныстар назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ БЕЛСЕНДІ
СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Кездесуді университет ректоры Гүлмира Қанай қорытындылады. Ол өз сөзінде осындай басқосудардың тұрақты өткізіліп отыратынын және бұл қадам барлық тараптар үшін пайдалы болатынын жеткізді.

Студенттік өзін-өзі басқару – білім алушылардың оқуын, тұрмысын, бос уа-

қытын ұйымдастыруға, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға қатысты өзекті сұрақтарды шешу бойынша қоғамдық қызметтің ерекше үлгісі. Бүгінде университетте 15-ке жуық студенттік ұйым қызмет атқарады. Оларға 4 мыңға жуық білім алушы мүше.



■ ҚР Энергетика министрлігінің мәліметінше, 2020 жылы елімізде 37 күн, 22 жел станциялары жұмыс істеді. Бұл қатарға былтыр ашылған бірнеше жел, күн станциялары да қосылды...

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ ӘЛЕУЕТІН ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНА АЛА МА?

Ауа сапасын өлшеу технологиясына маманданған IQAir швейцариялық компаниясы күні көше ауасы ең лас елдердің тізімін жариялады. Көк түтінге тұншыққан елдердің алғашқы ондығына Бангладеш, Чад, Пәкістан, Тәжікстан, Үндістан, Оман, Қырғызстан, Бахрейн, Ирак және Непал енді. Өзбекстан 12-орында тұр. Өкінішке қарай, бұл тізімде Қазақстан 23-орынға жайғасқан. Әрине, ауасы лас елдердің отыздығына ену мақтанарлық жағдай емес. Дегенмен, екі жыл бұрын еліміздің осы тізімде 20-орында тұрғанын ескерсек, аз уақытта жағдайдың беті бері қарағанын байқауға болады.

ты. Ал, Дүниежүзілік энергетика апталығы мен XIV KazEnergy Еуразиялық форумы аясында өткен «Әлемдік энергетикалық трилемма-2021 – компоненттер теңгерімі: энергетикалық аймақтар бойынша өзгерістер навигациясы» атты жаһандық пленарлық мәжілісте ҚР Президенті Үкіметке 2030 жылға қарай электр энергиясын өндіруде жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің үлесін 15 пайызға дейін жеткізуді тапсырғанын айтқан болатын.

те жақсы түсінеді. Сондықтан «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы қолға алынды. Оны жүзеге асыруға 1 413 126,354 млн теңге қаржы бөлінді. Соның 146 976,923 млн теңгесі биыл жұмсалды. Сөйтіп, ауқымды ұлттық жоба бекітілді, оған қаржы да бөлінді, енді оның жоспардағыдай жүзеге асқаны керек. Өйткені, баламалы энергия көздері арқылы біз ауаны жақсартып қана қоймаймыз, сонымен қатар, елдегі энергия тапшылығының алдын аламыз.

Отын-энергетика кешенін жаңғыртуда, индустриялық және агроөнеркәсіп саясатын қайта қарауда, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында құрылыста және жалпы адамдардың өмір сүру деңгейінде жаңа тәсілдер қажет. 2060 жылға қарай жаңартылатын және баламалы энергия көздері еліміздің жалпы энергия балансының 80 пайызынан астамын құрайтын болады.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті

Былыр ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Президент тапсырмасы бойынша «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын қолға алды. Ұлттық жоба «Таза Қазақстан», «Үнемді Қазақстан», «Табиғат», «Экология болашағы» атты төрт негізгі бағыттан және 11 тапсырмадан тұрады. Олар бойынша 19 көрсеткіш және 48 іс-шара белгіленген.

«Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы негізгі төрт бағыттан тұрады. Олар:

- Бірінші бағыт – «Таза Қазақстан» атмосфералық ауа сапасын жақсарту, қалдықтарды басқару және еліміздің су нысандарының экожүйелерін сақтау сияқты негізгі экологиялық мәселелерді шешуге ықпал етеді.
- Екінші бағыт – «Үнемді Қазақстан» табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану мақсатын қойып отыр. Бұл алдымен су ресурстарына және экономиканың энергия сыйымдылығын төмендетуге қатысты.
- Үшінші бағыт – «Табиғат» биоәртүрлілікті сақтауды және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуды көздейді.
- Төртінші бағыт – «Экология болашағы». Ол халықтың экобилімі мен мәдениетінің деңгейін арттыруға бағытталады.

Үкіметтің жоспары бойынша, Қазақстан жаңартылатын энергия көздерінен алынатын энергия көлемін 3%-дан 15%-ға дейін бес есе, экологиялық таза көздерден өндірілетін энергия өндірісін 20%-дан 38%-ға дейін екі есе арттырады. 2025 жылға қарай 2 млрд-тан астам ағаш отырғызу есебінен көміртекті сіңіру әлеуеті артады. Көмірден өндірілетін энергия үлесі 70%-дан 40%-ға дейін төмендейді.

Әрине, «2030 жылға дейін сөйтеміз, бүйтеміз» деп айтуға ғана оңай. Зымыран уақыт. Көзді ашып-жұмғанша 2030 жыл да жетіп келеді. Демек, арқаны кеңге салуға болмайды. Мұны Президент те, Үкімет

Мәселен, еліміздегі қолда бар энергия көздері 10 жылдан кейінгі қажеттілікті өтей алмайды екен.

ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақовтың айтуынша, 2035 жылға қарай электр энергиясын тұтыну шамамен 153 млрд кВт/сағатты құрайды. Бұл ретте бірқатар объективті себеп бойынша қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған энергия көздерін генерациялау төмендейді және 89 млрд кВт/сағаттан кем болады. Қолданыстағы энергия көздері халықтың және экономиканың электр энергиясына болжамды қажеттіліктерін өтей алмайтынын ескере отырып, 2035 жылға қарай электр жүктемелерін жабу үшін жаңа өндірісу қуаттарды жаппай енгізуді қамтамасыз ету талап етіледі. Олардың негізгілері төмен көміртекті генерация көздері, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі нысандар болады.

Ендеше, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы аясындағы ауқымды жұмыстарды қазірден бастап мықтап қолға алмасак, кейін кеш болуы әбден мүмкін. Ал, жарқын болашақ үшін бұған жол беруге болмайды.

БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГЕТИКАНЫҢ ЭКОЛОГИЯ МЕН ЭКОНОМИКА ЖАҒЫНАН АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Былыр қабылданған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының басты мақсаттарының бірі – атмосфералық ауа сапасын жақсарту. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстар Париж келісіміне қол қойған 2015 жылдан басталып кетті. Осы жеті жылда баламалы энергетиканы дамыту бағытында елімізде күн, жел электр станциялары көптеп салынды. Салынып та жатыр. Осылайша, электр энергиясын баламалы жолмен өндіру жұмыстары жалғасын тауып келеді.



Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАН ПАРИЖ КЕЛІСІМІ БОЙЫНША ҚАНДАЙ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛҒА АЛДЫ?


Әрине, мұндай күрделі мәселе өздігінен және бір күнде шешілмейді. Мемлекеттік деңгейде ауқымды шараларды қолға алып, оны жүйелі түрде жүзеге асырғанда ғана халқы таза ауа жұтып отырған Финляндия, Норвегия, Швеция сияқты скандинавиялық елдерге жетпесек те, тым құрығанда шығыс еуропалық елдердің көрсеткішіне жақындай түсер едік.

Бір атап өтерлігі, бұл мәселені шешу жолында билік қол қусырып қарап отырған жоқ. Оның үстіне Қазақстан Париж келісімі аясында 2030 жылға қарай шығарындылар көлемін 1990 жылғы деңгейден 15 пайызға, ал халықаралық қолдау болған жағдайда 25 пайызға қысқарту туралы өзіне міндеттеме алған. Әлемдік қауымдастық алдында өзіне жүктелген міндетті орындау – абыройлы жұмыс. Біріншіден, Қазақстан жаһандық жылыну мәселесіне салғырт қарамайтын ел екенін дәлелдейді. Екіншіден, парниктік газдар шығарындыларын азайтып, баламалы энергия көздерін дамыту арқылы экологияны жақсартады. Бұл өз кезегінде халықтың денсаулығына оң әсер етеді. Сондықтан билік осы жолдағы жұмысты біраз жыл бұрын бастап та кеткен болатын.

Айтайық, ҚР Парламентінің Сенаты 2016 жылы климаттың өзгеруімен күрес жөніндегі халықаралық келісімді мақұлдады. 2015 жылы Парижде жасалған бұл келісімге әлемнің 200-ге жуық мемлекеті қол қойды. Келісім ғаламдық жылынуы индустриалдық кезеңге дейінгімен салыстырғанда Цельсий бойынша екі градусқа азайтуды көздейді. Ол үшін Париж келісіміне қол қойған елдер пайдалы қазбадан алынатын энергиядан бас тарту арқылы ауаға таралатын парниктік газдарды азайтулары керек.

Күн тәртібінде тұрған бұл өзекті мәселені ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та назарында ұстап келеді. Мәселен, былтыр күзде Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Париж келісімінің мақсаттарына және Қазақстанның көміртегіне бейтараптығына қол жеткізу жолдары» атты халықаралық конференцияда Мемлекет басшысы қазіргі уақытта климаттың өзгеруі ең өзекті мәселеге айналғанын атап өтіп, БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриштің көміртегінен таза ел болуға қатысты үндеуін қолдайтынын айт-

ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



ҚОШ КЕЛДІҢ, РАМАЗАН!

БИЫЛ АЙЛАРДЫҢ СҰЛТАНЫ 2 СӘУІРДЕ БАСТАЛАДЫ



Бұған дейін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМБД) бекіткен діни күндер кестесіне сәйкес, Ораза 3 сәуірде басталып, 31 күнге созылуы тиіс еді. Бірақ, ҚМБД Баспасөз хатшысының хабарлауынша, басқарма Өзбекстан, Қырғызстан мұсылмандары діни басқармасымен кеңесіп, Рамазан айы 2 сәуірден басталады деген ортақ шешімге келген.

Сонымен, биыл Рамазан айы 2 сәуірде басталып, 1 мамырда аяқталады. Ораза 30 күнге созылады. 2 мамыр – Ораза айт күні. 27 сәуірден 28 сәуірге қараған түн – Қадір түні.

«Наиб мүфти, Шариғат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі Сансызбай қажы Құрбанұлы биыл қасиетті Рамазан айы 2 сәуірден басталатынын, Өзбекстан, Қырғызстан мұсылмандары діни басқармаларымен кеңесіп, осындай ортақ шешім қабылданғанын атап өтті», – деп жазды ҚМБД Баспасөз хатшысы Ағабек Қонарбайұлы.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биыл пітір мөлшері 500 теңге болып белгіленгенін хабарлады. Пітір садақаның мөлшері Қазақстан бойынша 2 келі ұнның орташа бағасымен есептелді. Ал, ұнның бағасы ҚМБД-ның қала және облыс өкілдіктерінің берген мәліметі негізінде анықталды.

БАС ЖҮЛДЕ – 250 000 ТЕҢГЕ

«АТА-АНАҒЫ АЯЛА» БАЙҚАУЫНА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР 25 МАМЫРҒА ДЕЙІН ҚАБЫЛДАНАДЫ



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты айына бір рет жарық көретін діни-танымдық «Иман» журналы «Ата-анаңды аяла» атты шығармашылық байқау жариялады.

Байқаудың мақсаты – қазіргі қазақ қоғамында отбасылық, имандылық және ұлттық құндылықтарды насихаттау, журнал оқырмандарының шығармашылық әлеуетін дамыту.

Байқау шарттары:

- Байқауға ата-ананың құрметі тақырыбына қатысты еш жерде жарияланбаған ғибратты, әсерлі әңгімелер мен эсселер жіберіледі;
- шығармашылық жұмыстар Word файлы түрінде қабылданады. Мақала көлемі Times New Roman шрифтімен 14 кегль өлшемінде, біртекті интервалмен теріліп, жалпы көлемі 4 беттен аспауы тиіс;
- жұмыстар ұйымдастырушының мекенжайына (Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 16) және iman-kz@mail.ru электронды поштасына – «Байқауға» айдарымен жолдануы тиіс;
- бір қатысушы бір номинацияға бір материал ғана жібере алады;
- материалдар тек қазақ тілінде қабылданады;
- қатысушылар шығармашылық жұмыстарға өздерінің толық аты-жөнін, телефон нөмірін, мекенжайын, электронды поштасын және өздері туралы қысқаша мәліметті қосып жазып, iman-kz@mail.ru электронды поштасына жіберуі керек.

Байқау талаптары:

- байқауға шығармашылық жұмыстарды қабылдау 2022 жылдың 25 мамыр күні аяқталады;
- Қазақстанның егемендігіне, біртұтастығына, бірлігіне нұқсан келтіретін, байқау шарттарына сай келмейтін материалдар байқауға қабылданбайды;
- шығармашылық жұмыстардың мазмұны жобаның атауына («Ата-ананы аяла») сай болуы керек.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты діни-танымдық «Иман» журналының «Ата-анаңды аяла» атты шығармашылық байқауының жүлде қоры: I-орын – 250 мың теңге; II-орын – 150 мың теңге; III-орын – 100 мың теңге; ынталандыру сыйлықтары – 70 мың теңгеден үшеу.

• ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ – ЕРМЕК ЖҰМАХМЕТҰЛЫ



ЗАҢ КҮШІНЕН АЙЫРЫЛҒАН ЖЕРДЕ ЖАУЫЗДЫҚ БАСТАЛАДЫ

➔ 01-беттен

Соңғы оқиғадан кейін ел ішінде дүмпу көбейді. Ат-тандаған ұраннан құлақ тұнады. Өкпе көбейіп, тіл табысу мүмкіндігі шекарасынан асып, ол әрең басылды. Оған сыртынан дем берушілер бар дестік. Осы тұста бір айта кететін мәселе – Батыс бізге тек қана мәдениеттің ғана емес, сонымен бірге саясаттың суррогаттарын да таңғысы келетінін естен шығармағанымыз абзал. Солардың бірі – жоғарыдағы демократия. Сайып келгенде, Ұлыбритания болсын, АҚШ болсын, Гонконг, Сингапур болсын, олар әу бастан меритократия жүйесіне ауысып кеткен. Меритократияның негізгі мәні – интеллектуалдардың билігі дегенді білдіреді. Біздің елімізде де осындай жүйе қалыптасқан, ұлттық мүдделеріміз үшін осы жүйені ары қарай дамыта беру қажет. Ал, бұл миссияның бастама-шысы ретінде күні кеше аты ауысқан «Аманат» партиясы шығуы керек еді. Бірақ, билік партиясы оның авангарды бола алмады.

Ақиқат айтыстан туады. Мысыр елінің белгілі ғалымы Әбу Хусейн: «Шеру – ешқандай шешімге әсер етпейтін шара», – депті. Бүгінде көпшіліктің «туннельдік ойлау» жүйесі басымдық сипат алып отыр. Жоқты іздеуге, шағып сойлеуге әуестігіміз басым. Бірақ, эмоция – ешуақытта тиімді шешім қабылдау мен кадр ауыстырудың одақтасы бола алмаған. Әйтсе де, демократия және азаматтық қоғам қалыптастыру мәселелеріне байланысты белгілі бір ұстаным керек. Оның негізгі міндеті – саяси диалог пен медиация алаңы болуы тиіс. Саяси философияда диалогтың төрт түрлі анықтамасы бар. Алғашқы диалог – ақиқатқа жетудің жолы. Екіншісі, өз әріптестерін мүмкіндігінше өзінің ығына көндіруге тырысып диалог. Үшіншісі, тек жеңіске жетуді көздейтін диалог. Төртінші диалог – «елімізде демократия бар, пікірталастар жүріп жатыр» деумен шектелетін диалог. Осы алаң бар ма, жоқ па? Бар десе, ол елімізде пікір алаңы ашық деумен ғана шектеліп отыр. Осы көзқарас шылауында диалог – диалог үшін жүргізулермен тынған. Егер ол бар болса, Үкімет жанындағы қатардағы бір комиссия болып шықпауы тиіс. Қазір бізге саяси демократиядан гөрі әлеуметтік демократияны көбірек қолдауға назар аудару керек болып тұр. Президент осыны көздейді. Жұрттың бәріне бірдей жағатын заң жоқ, бірақ оған бағыну керек. Азаматтардың шынайы теңдігі заңдарға олардың бәрінің бірдей бағынуында жатыр.

Заң өз күшінен айырылған жерде жауыздық басталады. Сонда заң бұзылып, озбырлау мен қирату жүріп жатқанда да қарап отыруы керек пе?! Платон: «Мен заңында қауқар күші жоқ және ол біреудің билігінде болатын мемлекетті таяуда күйрейді деп ойлаймын. Мен заң билеушілерге үстемдік еткен жерде, олар (билеушілер) оның құлы болған кезде, мемлекет және оған Құдай сыйлаған қаншама игіліктер аман қалады деп есептеймін», – депті. Бұдан артық не айтуға болады?! Қазақстан Президенті осы бос кеңістіктің орнын толтыруға Үкіметке нақты тапсырмалар берді. Өте құптарлық іс.

Идеологиялық иммунитетіміз неге төмен?! Қаңтар оқиғасы қазақ қоғамында тұншығып жатқан біраз мәселенің бетін ашты. Жемқорлық, жұмыссыздық, сапасыз білім, діни адасу, сөз бостандығы, әскердің қауқарсыздығы, әлеуметтік теңсіздік секілді өзге де мәсе-

лелер бір сәтте су бетіне қалқып шығып, көңілімізді басып тастағаны рас.

Еліміз адамзаттың өркениеттік дамуының бірден-бір сара жолы – демократиялық саяси жүйеге бағыт ұстанды. Мұның өзі осыған дейін әлеуметке қызмет атқарып келген. Саяси, экономикалық, рухани салалардағы түбегейлі өзгерістерді қажет етіп отыр. Оны халық қазірдің өзінде сезініп жатыр.

Адамдардың азаматтық қоғамды қалыптастырудағы негізгі мақсаты – өз меншіктерін бейбіт әрі қауіпсіз пайдалануға ұмтылуынан тұрады. Оның негізгі құралы – сол қоғамда орнатылған заңның пәрменділігі. Заңға заң шығарушы билік пен құқық қорғау органдарының өздерінің бағынуы қоғамның әрбір мүшесін сақтау мен оларды игілік істерге бастайтыны анық. Халықтың өмірі мен қазынасына қатынаста деспоттық билік емес, достық рәуіштегі қатынас керектігін бүгінгі өміріміз көрсетіп отыр. Бүгінгі күні ешкім өзге адамға өзінің меншігінен айыруға артық билікті бере алмайды және ешкім өзінің немесе өзге біреудің үстінен абсолютті билік жүргізуге жол бермейді. Сондай-ақ, өз өмірін немесе басқа адамның өмірі мен мүлкін айыру құқығына ие бола алмайды. Осындай болғанда ғана қоғам сақталады және ілгері дамиды. Мұндай жағдайда қоғамның сенімі бойынша атқарушы билікке қоғамның кез келген мүшесі бағынатын болады.

Тәуелсіз Қазақстан үшін өркениетті елдер қатарына өту жолында экономикалық реформалармен қатар, көптеген саяси әлеуметтік және рухани мәселелерді шешу қажеттігі туындап отыр. Дәйекті демократия мен ашық қоғам қалыптаспаған жағдайда өркениетті нарыққа өту де мүмкін емес.

Адам құқықтары – ең жоғары мәдени құндылықтардың бірі. Себебі, ол барлық қоғамдық даму үрдістерінің ортасына тұлғаны қояды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің ұлықтау рәсімінде ерекше тоқталған мәселелерінің бірі – әділеттілік тақырыбы болған еді. Қоғамымызда орын алып отырған келеңсіздік – сыбайлас жемқорлық, байлар мен кедейлердің табыстарының алшақтығы, ұлттық байлықтың теңдей және әділ бөлінбеуі, азаматтардың құқықтарының толық қорғалмауы, заңдардың өз

шеңберінде орындалмауы дамуымызды кейінге ысырып келді. Президент: «Оны жоғалтып алу адамзат үшін де, ұлт үшін де өзін-өзі жоғалтып алумен бірдей. Әділеттілік салтанат құрмаған қоғамда тек қайшылық, қиыншылық, құлдырау үстемдік ететіні белгілі. Осы себепті әділетсіздікке қарсы мемлекет, қоғам, әр адам күн сайын бірігіп күресуіміз керек. Менің мақсатым – қоғамның бірлігін қамтамасыз етіп, азаматтардың саяси көзқарастары мен ұстанымдарына қарамай әр азаматтың мүддесін қорғау. Қолданыстағы заңдардың толыққанды орындалмауы биліктің жүргізілген саясатының әділеттілігіне байланысты», – деді. Қоғамға сенім мен келісім керек дегенде, біз осыны айтсақ керек.

Президент бұл бағытта елдің қазынасына бөгденің қол сұқпауын қатаң талап етіп отыр. Бұл – «Мемлекеттің қазынасы халықтың табан ақысы, маңдай тері. Әмірші қазына кілтің ұстаған адамға аса сақтықпен қарағаны аб-

видеолардан көргеніміздей, көшеге шыққандардың арасында біреудің мүлкін қиратып, ұрып-соғып, көлігін өртеп жүргендердің де болғанын көрдік. Ең сорақысы, осы дәрежелікті жақтап, басбуларды ақтап алғысы келетіндер көп. Бір қоғамда өмір сүретін адамдардың заңға бағыну, мораль туралы түсініктері қалай қарама-қайшы болуы мүмкін?

Жастардың арандатушыларға, радикалға идея мен бүлдіргі күштерге қарсы ұлттық иммунитеті неге төмен деген сұрақтың пайда болғаны бүгін емес. Алайда, бұл бағытта нақты шаралар мен түбегейлі өзгерістер болмай келді. Нәтижесінде, «екі қолға – бір күрек» таппаған жастар жат ағымдардың, өзге күштердің жетегінде кете барды. Бірақ, оны бақылап, зерделеп отырған орган жоқ. Жастармен жұмыс істеу үлкен проблемаға айналған. Бұрын ірі мекемелер мен кәсіпорындардың өзінде жастар ісімен айналысатын мекеме басшысының орынбасары, партия ұйымының хатшылары болатын. Біздегі билік партиясы онымен айналысқан емес.

Кезінде жастар ісімен Сталин де, Мао Цзедун да, одан әрі Гитлер де айналысқан. Бүгінде жастар ісімен кім айналысып жүр? Мемлекет араласпаған сол іспен радикалдар, рецидивистер, сатаналар мен шпаналар айналысуда. Демек, Үкімет бұл кемшіліктің алдын алу керек.

Саяси өмірде «Токвильдің заңы» деген тұжырым бар. Автор француз революциясына талдау жасай келіп, «азаттық пен демократияға үйренбеген ел үшін ойланбай, өте асығыс жасалған реформалар мен шұғыл өзгерістердің қауіпті болатындығын» дәлелдейді. Ойланбастан асығыс жүргізілген реформалар мен жаңарулар, жаңғыру процестері бақылауға көнбей, анархия үстемдікке ие болады. Ескі жүйені бұзуға бағытталған қуатты күштер мұндай жағдайда тежеу бермей, шектен шығып кетеді екен. Токвиль жоғарыдағы еңбегінде анархия үстемдікке жеткен жағдайда қоғам жіктеліп, саяси орталықтан күш кетіп, әртүрлі әлеуметтік топтар билікке таласып, мұның соңы қайғылы оқиғаларға апарып соғатынын айтады. «Бұл процестің соңы охлократияға алып барады», – дейді Токвиль.

Неміс ойшылы Фридрих Ницше: «Егер қара тобырдың қолы билікке жетсе, олар өздерінің аяқ-қолын шынжырлап, адам шошырлық тәртіп орнатар еді», – дейді. Мұндай кезеңде қоғамның рухани мазмұны өзгеріске түсіп, кедейлене түсіп, белгілі әлеуметтік топтың моральдық тұрғыдан азғындауына алып келер еді. Сондықтан егер кімде-кім елге күшпен иелік еткісі келсе, ол ешқашан мақсатына жете алмайтынын білгені дұрыс.

■ ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНАН ҚАРСЫЛЫҚТЫ КӨҢІЛ-КҮЙ БАЙҚАЛАДЫ

Қоғамдағы барлық келеңсіз жағдайларға бірден-бір себеп – құқықтық нигилизм. Демек, сенімсіздік бар. Жастар саясаты жұмыс істемегендіктен, жастардың басым көпшілігі өмірде іске асыру механизмін таныс емес, құқығын қалай қорғауды білмейді. Құқықтық мәдениет жоқ жерде, әлеуметтік даму да жоқ. Сондықтан мемлекеттің бақылауымен «Жастар құқығын қорғау орталығын» ашуды жедел қолға алу керек.

Жалпы, әлемде тұрақсыздық пен көтерілістерде жастардың рөліне арналған зерттеулер көп. Ғалымдар кез келген елде жастардың көбеюі артықшылықтарымен қатар қауіп-қатер де ала келетінін айтады. Осло бейбітшілік мәселелерін зерттеу институтының директоры, норвегиялық саясаттанушы Хенрик Урдал 2006 жылғы зерттеуінде «жас азаматтар саны көп елдерде қақтығыстардың болу ықтималдылығы да жоғары» деп тұжырымдайды. Демографиялық зерттеулер әлем елдеріндегі жастар санының күрт өсуін көрсетеді. Олардың өте өктем, табанды, жауынгер болып келетіндігін айқындап отыр. Дәл осы жастардың көбеюімен көптеген әлеуметтік мәселелер туындайтын болады. Демек, іске қазірден бастап араласу керек.

Рас, «қоғамдағы тұрақсыздыққа демография ғана әсер етеді» деген түсінік қате болар еді. Басқа да ғалымдар оған қоса сол жастардың білім алуы, олардың жұмысқа орналасуы, саяси оқиғаларға қатысуы шектелсе, жағдай ұшыға түсетіні анық. Бұл жалғыз Қазақстанды ойландыруға тиіс мәселе емес. Мұны жастар үлесі жоғары дамушы елдердің барлығына ортақ жағдай деуге болады.

Соңғы жылдары зерттеулер көрсеткендей, ел жастарының бойынан қарсылықты көңіл-күй байқалады. Жастар арасында саяси және құқықтық нигилизм басым, өйткені олар өз пікірінің қоғамдық рөліне және бір нәрсені өзгертетініне сенбейді. Жастардың құқықтық, саяси, экономикалық сауаты төмен. Қоғамдағы өзекті мәселелер мен жаңалықтар оларды аса қызықтырмайды. Сондықтан жастар саясаты туралы заңды қайта қарап, оны бүгінгі жағдайға негіздеп өзгерту керек.

➔ 03-беттен

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ ӘЛЕУЕТІН ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНА АЛА МА?

Рас, шапса тұлпардың тұяғы, ұшса құстың қанаты талатын кең байтақ Ұлы далада баламалы энергетиканың әлеуеті зор. Ең бастысы, Жер-Ананың сол сыйын ұтымды пайдалана білсек болғаны.

Қазақстан – қазба отындары мен жаңартылатын энергия көздеріне бай мемлекет. Ал, энергетика нарығының тұрақсыздығы, қазбалы отынның шектеулі мөлшері және экологиялық жағдайдың нашарлауы сияқты соңғы жаһандық оқиғаларға байланысты еліміздің жаңартылатын энергия көздерін дамытуға бет бұрғаны қуантады.

Өмірде мәңгілік ештеңе жоқ. Бүгін игілігін көріп отырған мұнай, газ, көмір сияқты қазба байлықтары түбі сарқылады. Ал, жаңартылатын энергия адамның қатысуынсыз табиғи түрде толтырылатын табиғи ресурстардан алынады. Содан баламалы энергия көздері әлемдік энергетикалық нарықтардағы бағаларға қарамастан, ресурстардың таусылмайтындығымен де тартымды. Жел тұрса, күн шықса болды, энергияның тапшылығы сезілмейді. Экономикалық пайдасы да көпкелері. Экологияға да кері әсерін тигізбейді. Баламалы энергетика сонысымен құнды.

Соңғы жылдары энергетика тапшылығы жиі айтыла бастады. «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайтыны» рас. Айталық, әлемдік экономиканың қарқынды дамуына байланысты электр энергиясына сұраныс үнемі артып

келеді. Оның үстіне жаңартылмайтын энергия көздерінің қорлары да таусылып жатыр. Бірақ, біз баламалы энергетиканы дамыту жұмысын жүйелі жолға қойсақ, болашақта бұл мәселе алдымыздан шықпауға тиісті. Себебі, жоғарыда айтқандай, қолайлы географиялық орналасуы мен географиялық ерекшеліктерінің арқасында Қазақстан жасыл энергияның, әсіресе желдің жылдамдығы секундына 5-6 метр (м/с) жел дәліздерінің болуына байланысты жел энергиясының үлкен әлеуетіне ие. Каспий өңірінде, орталық және солтүстік, оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстанда жел электр станцияларын көптеп салса, ұтыс көп болады. Өйткені, елдің жел энергетикалық әлеуеті жыл сайын 920 млрд кВт/сағатқа бағаланады.

Жел энергиясы – неғұрлым серпінді дамып келе жатқан жаңартылатын энергия көздерінің бірі. Соған байланысты ел билігі табиғаттың бұл игілігін көру жолында әрекеттесіп отырған жоқ. Жел энергиясының артықшылығы мен елдің энергетикалық қауіпсіздігіне қосқан үлесінің арқасында жаңартылатын энергияның бұл түрі қолданысқа кеңінен енгізілу үстінде. Мысалы, жер-жерде жел электр станциялары көптеп салынып жатыр.

ҚР Энергетика министрлігінің мәліметінше, 2020 жылы елімізде 37 күн, 22 жел станциялары жұмыс істеді. Бұл қатарға былтыр ашылған бірнеше жел, күн станциялары да қосылды. Соның біреуі Жамбыл облысының

Жаңатас қаласында іске қосылды. 2017 жылы құрылысы басталған Жаңатас жел электр станциясы – Орталық Азиядағы ең ірі жел электр станцияларының бірі.

Қазақстандағы күн энергиясының да әлеуеті зор. Неге десеңіз, елдегі күн сағаттарының саны жылына 2200-3000 сағатты құрайды.

Иә, жаңартылатын энергия ауаны ластанбайды. Жыл сайын сағатына 1,5 млн кВт қуат өндіруге қабілетті 500 МВт жел электр станциясының қондырғысы 1,5 млн тонна парниктік газдар, 12 мың тонна күкірт оксиді, 7,8 мың тонна азот оксиді, 12,6 мың тонна күл және 420 мың тонна қатты қалдықтың шығарылуына жол бермейді. Бұл оның бірінші артықшылығы. Екіншіден, баламалы энергетиканы дамыту экономикалық тұрғыдан да тиімді. Неге десеңіз, көмір, газ турбиналық электр станцияларының тозығы жеткен. Көбі Кеңес Одағынан бері жөндеу көрмеген. Оларды модернизациялауға көп қаржы мен ұзақ уақыт керек. Ал, Париж келісімі аясында

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

«Global Carbon Atlas мәліметтеріне қарағанда, Қазақстан 221 елдің ішінде көмірқышқыл газы шығарындылары көлемі бойынша 21-орында, ал халықтың жан басына шаққандағы шығарындылар бойынша 11-орында және жалпы ішкі өнімнің көміртек қамтымдылығы бойынша 5-орында тұр.

– Зәуреш Ғалымжанқызы, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 1,5 жыл бұрын Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылған болатын. Сол мемлекеттік комиссия қандай шаруаларды қолға алды?

– Иә, Мемлекет басшысының 2020 жылдың 24 қарашасындағы №456 Жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссияның басты міндеті де сол саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділдікті қайта қалпына келтіру және оларға арнайы бірыңғай республикалық дерек қорын құру.

Комиссия негізінде бекітілген бұл іргелі істерді атқаруға он жұмыс тобы және екі шағын комиссия жұмылдырылды. Олар қуғын-сүргін құрбандары иелігінен айырылған байлар, шаруалар, шаруа көтерілістеріне қатысушылар, қазақ босқындары, жер аударылғандар, лагерь тұтқындары, әскери тұтқындар, Қазақстанның бостандығы, тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін күрескендер және басқа да санаттарды зерттеумен айналыса, бірқатар ғалымдар құжаттарды толық зерттеп, қуғын-сүргінге ұшырағандар туралы мәліметтерді бірізге келтіріп, осының негізінде бірыңғай республикалық деректер базасы құрылады деп үміттенеміз.

Аталмыш мемлекеттік комиссияны қолдау үшін Жобалық кеңсе құрылды. Бұған әртүрлі мемлекеттік органдарынан, ғылыми-зерттеу институттарынан қызметкерлер ұсынылды. Ғалымдар шамамен бір жылдай уақыт жабық және ведомстволық мұрағаттармен арнайы рұқсатнама қағазы арқылы кіріп, жұмыс жасап келеді. Сондай-ақ, еліміздің 17 аймағында да осындай арнайы комиссия құрылып, Президенттің берген тапсырмасы бойынша елеулі жұмыстар атқарылуда.

Өзім болсам, НКВД құрамында болған ГУЛАГ-тың 26 лагерінде болған саяси қуғын-сүргіннің ақталмаған құрбандарын ақтауға ұсыныстар әзірлеу бойынша VIII жұмыс тобының құрамында, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне қатысты «XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау процестері: бірыңғай деректер базасын құру» жобасы аясында жұмыс істеймін.

2021 жылға арналған жоспарға сәйкес, ҚР Мемлекеттік комиссияның алға қойған міндеттерін орындауға байланысты бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Олар: саяси қуғын-сүргіннің ақталмай қалған құрбандары туралы мәліметтер қорын құру, арнайы мұрағаттардағы материалдармен жұмыс істеу, репрессия мәселелеріне қатысты ғылыми жарияланымдар ұйымдастыру, қолға жиналған барлық ақпараттарды арнайы сайтқа жүктеу, мұрағаттық жинақтарды баспаға дайындау және т.б.

Біздің топ ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мұрағатынан, ҰҚК арнаулы мұрағаттары мен ҚР Ұлттық мұрағатының мамандандырылған бөлімінен, ҚР Президентінің Архивінен мұрағаттық құжаттарды жинады. Жұмыс тобында қызмет атқаратын ғалымдар еліміздің және шет елдің мұрағаттарынан құжаттарды іздестіру және іріктеу жұмыстарын жүргізуде. Атап айтқанда, қазан айында Мәскеуде РФ Мемлекеттік мұрағатының қорларында, Р-9414 қорында – КСРО Ішкі істер министрлігінің Бас бостандығынан айыру орныларының бас басқармасында Қазақстандағы ГУЛАГ лагерінің тарихы бойынша мұрағат материалдарын іздеу және жүйелеу жұмыстары жүргізілді.

Жұмыс топтары мен өңірлік жұмыс комитеттері арасында зерттеу әдістемесі бойынша өзара жоба тақырыбына да тәжірибе алмасу мақсатында Жобалық кеңсемен бірлесіп, былтыр бірқатар республикалық семинарлар, дөңгелек үстелдер мен конференциялар өткізілді.

– Сіздің бір мақалаңыздан КСРО кезіндегі репрессия саясатын тоғыз негізгі кезеңге бөлгеніңізді оқыдық. Осы тақырыпты тарқатып айтып берсеңіз...

– Кеңес мемлекетіндегі тоталитарлық жүйенің қалыптасуы жүйелі, жоспарлы жаппай сипатқа ие саяси қуғын-сүргінмен қатар жүрді. Қуғын-сүргіннің ауқымы және репрессияға ұшыраған адамдар санына қарап айтатын болсақ, мұндай көрсеткіш барлық әлеуметтік категориялар мен халық топтарын қамту жағынан бұрын-соңды болмаған еді. КСРО-да мемлекеттік органдар тарапынан қолданылатын жазалау шаралары ең алдымен үрейге негізделген қоғамды басқаратын жүйе құру үшін қолданылды. Қарсылық көрсеткендері, билікпен келіспегендері жазаланды немесе көздері жойылды. Сонымен қатар, қуғын-сүргін саясаты халықтың қалың бұқарасын елдің аз қоныстанған аудандарында қосымша инвестициясыз көшіруге, мәжбүрлі түрде еңбекпен түзеу лагерлерінің жүйесін кеңейтуге, еркін



ҰЛТТЫҚ РУХ НЕМЕСЕ КЕШ ОРАЛҒАН ӘДІЛДІК

Жиырмасыншы ғасырдың басында Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан абақтыда жатқанда, Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына: «Алда әлі күнді көретін ұрпақ келеді. Сол ұрпақ сендерді үлкен ризашылықпен, үлкен құрметпен еске алатын болады», – деп рухты жігерлендіретін әсерлі хатын жолдаған екен. Міне, аузы дуалы Әлиханның осы сөзі ақиқатқа айналғп, репрессияға ұшыраған боздақтардың ардақты да аяулы есімдерін ақтап алуда қыруар еңбектер атқарылды, атқарылып та келеді. Мұның бәрі еңсемізді тіктеп, егемен ел болуымыздың арқасы. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың күзінде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құруды тапсырды. Өткен дәуірдің еншісіндегі бұл тарихи оқиғаны жан-жақты зерттеу және жазықсыз құрбан болған боздақтарымызды ақтап алу жұмысы осы комиссияға міндеттелді. Осы орайда Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зәуреш Сақтағанова «Qazaq» газетіне сұхбат беріп, жоғарыда атап өткен мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде атқарылған жұмыстарды қысқаша саралап көрген еді.

еңбекті пайдалануға, негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, ірі өнеркәсіптік құрылыс, аумақтарды дамыту, жаңа елдің аз қоныстанған аудандарын еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету сияқты мәселелерді қарастырған.

Кеңестік кезеңдегі қуғын-сүргін саясатын талдай отырып, «1920-1980 жылдардағы Қазақстандағы саяси-қуғын сүргін: оңталу кезеңдері, салдары және проблемалары» (Отан тарихы. – 2021. – №3 (95). – 136-145 б.) атты мақалаларда ерекше атап өтеміз. Жеке тұлғаларды емес, халықтың барлық санаттары қамтылған жаппай сипатта болған Қазақстандағы ауқымды қуғын-сүргінді негізгі 9 кезеңге бөліп қарастырамыз.

Бірінші кезең – большевиктер билікті басып алған алғашқы күндерден бастап, 1917 жылдың қазанынан 1920 жылдардың ортасына дейін ұлттық партиялардың қызметімен байланысты ұлттық интеллигенцияға қатысты («Алаш», «Шура-и-Ислами», т.б.) және ұлттық автономиялардың үкіметіне («Алаш Орда», «Түркістан Мухтариаты») қатысты жүргізілген репрессиялар.

Екінші кезең – коммунистік партия-кеңес элитасын – 1920 жылдардың ортасынан 1930 жылдардың басына дейін кеңестік партиялық жүйенің ескі көздерімен қатар, Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатына бас көтерген коммунистердің жаңа буыны, кеңестік ұлттық интеллигенцияның «жаңа толқынын» репрессиялау.

Үшінші кезең – 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың бірінші жартысында толық ұжымдастыру мен күштеп отырықшыландыру кезеңінде ауқатты шаруаларға (оның ішінде қазақ байлары мен шаруа малшылар бар) қарсы репрессиялар. Репрессияның бұл кезеңі кулактар мен байларды тап ретінде жою науқаны жүріп жатқан кезде шаруалардың «сағын сындыруға» мүмкіндік берді, сол арқылы шаруа халықтың ең күшті, ең еңбекқор, ең ықпалды бөлігін құртты.

Төртінші кезең – 1930 жылдары инженерлік-техникалық және өнеркәсіп кәсіпорындарындағы жұмысшы-

ларды «саботаж және диверсиялық жұмыс» айыбымен репрессиялау («Риддер ісі», «Балқаш ісі» және т.б.). Бұл кезеңде «жапон-неміс тыңшысы», «контрреволюциялық ұйымдар», «троцкистер», «оңшылдар», «ұлтшылдар және басқа шпиондық бандалар» деген жаламен техникалық интеллигенцияның еркін ойлайтын инженерлері мен техниктері, жұмысшылары жаппай репрессияға ұшырады.

Бесінші кезең – 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор». Ол алдыңғы репрессиялардың шыңы және қисынды соңы ретінде билікке қарсы шыққан немесе репрессия механизмнің «қысымына» кездейсоқ ұшырағандарды физикалық түрде жоюды көздеді. Бұл жолы алдыңғы кезеңдерде қуғын-сүргінге ұшыраған, бірақ аман қалғандардың бәрі қайтадан қуғындалды және ату жазасына кесілді. 1937-1938 жылдардағы репрессия кезеңінде алдымен қапасақ қамалса, кейін республикалық, облыстық, қалалық, аудандық партия және кеңес органдарының, НКВД органдарының жетекші қызметкерлерінің барлығы дерлік (80-100%) атылды.

Алтыншы кезең – 1930 жылдардың аяғынан 1940 жылдардың ортасына дейінгі қуғын-сүргін. Аталған кезеңде корей, поляк, неміс, шешен, ингуш, Қырым татарлары, түрік, т.б. халықтар Қазақстанға КСРО бойынша бұрын-соңды болмаған ауқымда жер аударылды. Жүз мыңдаған адам негізсіз айыпталулармен 24 сағат ішінде үйінен шығарылды, олардың ондаған мыңы депортация кезінде қайтыс болды.

Жетінші кезең – соғыстан кейінгі онжылдықтағы репрессиялар. Ол 1940 жылдардың ортасынан 1950 жылдардың ортасына дейін, соғыстан кейінгі онжылдықта Сталин режимінің күшеюімен байланысты, соғыс тұтқындары, шаруалар, жұмысшылар, интеллигенция өкілдері қуғын-сүргінге ұшырады. КСРО-да саяси тұтқындарды «аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлерді қатаң режимде ұстау үшін» арнайы ГУЛАГ лагерлер жүйесі құрылды. «Үлкен террор» кезеңі арта қалғанымен, репрессия жалғасып, ГУЛАГ кеңейе түсті.

Сегізінші кезең – 1950 жылдардың ортасынан 1980 жылдардың ортасына дейінгі барлық «басқаша ойлайтындарға» – шығармашылық интеллигенция өкілдеріне, ғалымдарға, партиялық-кеңестік элитаға және басқа әлеуметтік топтарға қатысты қуғын-сүргін. И.В.Сталин қайтыс болған соң, «Хрущев жылымығы» біраз либерализациялық бағытындағы саясаты біршама өзгерті. Бұл кезеңде репрессия әдістері біршама «жұмсартылды»: өлім жазасының орнына бас бостандығынан айыру, психиатриялық клиникаларда мәжбүрлеп емдеу, КСРО-дан жер аударып жіберу және т.б. қолданылды. Дегенмен, жүйе түбегейлі өзгерген жоқ: келіспеушілікке, оппозицияға, сөз бостандығына әлі де тыйым салынған болатын.

Тоғызыншы кезең – 1980 жылдардың екінші жартысындағы қуғын-сүргін. Сол жылдардағы «ашықты пен қайта құру» кезеңіндегі репрессияның ең жарқын фрагменті 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың қуғын-сүргін болды. Кеңестің қуғын-сүргін машинасы мейірімсіз Молох сияқты жүйеге қарсы шыққандардың тағдыры мен өмірін қиратты.

Қуғын-сүргіннің барлық кезеңдері бірқатар ортақ белгілермен сипатталады. Репрессиялық механизмнің астына, ең көрнекті, іскер, өз ұстанымы бар және өз көзқарасын қорғауға қабілетті тұлғалар түсті. Репрессиялық шаралардың нысандары мен әдістері қоғамдық-саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырды. Егер 1920 жылдардың бірінші жартысында әлі де болса дау, пікірталас, пікір алмасу еркіндігі (осы кезеңде репрессиялар көбіне партия мен мемлекеттік құрылымдардан «мәжбүрлі» түрде шығару, изоляция, саяси-азаматтық құқықтарынан айыру және т.б.) болса, 1920 жылдардың аяғында «ұлы сталиндік бетбұрыс» кезінде қайшылық пен қарсылықтың кез келген нысаны мен дәрежесіне төзбеушілік атмосферасы қалыптасып, репрессиялық шаралар күшейтілді.

– Зәуреш Ғалымжанқызы, 2020 жылы оқырманға жол тартқан «Жадыңнан өшпес. Қазақстандағы сталинизм: Өткені. Естелігі. Еңсеру» деп аталатын ұжымдық монографияға бір кісідей үлес қосқаныңызды білеміз. Осы ұжымдық монографияға кірген еңбегіңіз туралы айта кетсеңіз және қандай тақырыпты қозғап едіңіз?

– Бұл ұжымдық монография 2019 жылы «Живая память. Сталинизм в Казахстане: Прошлое, Память, Преодоление» деген атпен орыс тілінде жарыққа шықты. Сіз айтып отырған «Жадыңнан өшпес» кітабы әлеуметтік тақырыпта маңызы бар үздік кітап номинациясында «Алтын қалам» әдеби сыйлығын алды.

Ұжымдық монографиядағы менің мақалам Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаттарының материалдары бойынша жазылды, тақырыбы: «1950 жылдардың басындағы Қазақ КСР Ғылым академиясының тарихынан алынған сюжет немесе БК(б)П ОК-ге жазылған бір «хаттың» оқиғасы» деп аталады.

2020 жылы кітап елімізде қазақ тілінде, ал шетелде ағылшын тілінде жарық көрді. Бұл мақалада аз зерттелген және жарияланбаған құжаттардың негізінде 1940 жылдардың соңы – 1950 жылдардың басындағы ғылыми және шығармашылық интеллигенцияға қатысты саяси қуғын-сүргіннің тарихын зерттеді. Соғыстан кейінгі Қазақстандағы сталиндік кезеңдегі қуғын-сүргіннің екі толқынының себептерін ашып көрсетуді бірінші орынға қойдық. Билік түрі идеологиялық-насихаттық клише-айыптауларды пайдалана отырып, ғылыми шығармашылық пен зиялы қауымның ішінде қазақстандықтарды саяси қудалауды қолға алған. Бұл қуғын-сүргін науқандары көбінесе өздерінің ғылыми қауымдастығы, ерікті алаяқтардың, саяси оппортунистердің және биліктен «қорғаныс хаттарының» түрін «сауда-саттық» жасап, мансабын құрған ортаңқолдардың ұсынысы бойынша басталды. Олар айыпталулармен «идеологиялық отты» Қ.Сәтбаев, А.Жұбанов, С.Кеңесбаев, А.Бектуров, И.Галузо, Е.Бекмаханов, Ә.Марғұлан және т.б. сынды ғалымдарға бағыттап, түзетіп отырды. Т.Шойынбаевтың орталық партия басшылығына жолдаған хатты мақалада жарияладық. Онда Шойынбаев КСР Ғылым академиясының президенті Қ.Сәтбаев өткен «Алаш» дәуірінде өзінің «феодалдық бай» тұқымы екенін жаырып, «ұлтшылдарды» қолдағаны туралы айтылған. Басылым Қ.Сәтбаевтың тағдырындағы қуғын-сүргінге байланысты кейінгі оқиғаларды осы тұспалдарға жауап ретінде көрсетеді. Қаныш Сәтбаев репрессиялық қысымға ерлікпен қарсы тұрды.

Өз көзқарастарымды, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті ойлап, осы тақырыпты талқылауды жөн көрдім.

– Зәуреш Ғалымжанқызы, ашық әңгімеңізге алғыс айтамыз!

Сұхбаттасқан: Алмабек ИБРАЙІМОВ

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ БАЛАБАҚША МЕН МЕКТЕПТЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Ұлыбританияда жанары жарық дүниелеріне жас де, көкірек көзі нұрлы бір саясаткер бар. Ол – 75 жастағы Дэвид Бланкетт. Зағип болғанына қарамастан, саясаткер 28 жыл бойы депутат болды. 1987–2015 жылдары Парламент мінберінде халықтың сөзін сөйледі, өзі сияқты жандардың мүддесін қорғады. Одан кейін Білім министрі, Ішкі істер министрі, Еңбек министрі ретінде халқына қалтқысыз қызмет етті, әлі де «аттан» түскен жоқ. Өйткені, британ қоғамы ерекше жандарды еш кемсітпейді, өзгелермен теңдей көреді, олардың алаңсыз білім алуына, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Біз мақаламызды британ саясаткерінен бастауымыз тегін емес. Неге десеңіз, сол Дэвид Бланкетт: «Ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру – әрбір мемлекет үшін негізгі міндеттердің бірі. Бұл әрбір адам өз әрекетінің қажеттілігін және қатыстығын сезіне алатын нағыз инклюзивті қоғам құрудың қажетті шарты. Біз әрбір балаға оның қажеттілігіне және басқа жағдайларына қарамастан, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайда келтіруге және оның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беруге тиіспіз», – дейді.

Ұлыбритания сияқты өркеніетті елдерде инклюзивті қоғам бұрыннан қалыптасқан. Себебі, инклюзивті қоғамның алғашқы балабақша мен мектепте қалыптасады. Он екі мүшесі сау бала бойында кемістігі бар баламен тәрбиеленеді,

бірге білім алады. Ешкім оларды қоғамнан оқшауламайды. Мысалы, дамыған елдердің бірі Швецияда мүмкіндігі шектеулі балалардың 80 пайызы жалпы білім беретін мектептерге барады. Сөйтіп, 1997 жылдан бастап билік денсаулық жағдайына қарамастан барлық балаларды балабақша мен мектепке қабылдауды міндеттеді. Өйткені, жас өрен үшін бес жасқа дейінгі кезең мидың тез жетілетін мерзімі. Он екі мүшесі сау балаларға мүмкіндігі шектеулі құрдастарымен қарым-қатынас пайдалы. Олар оқу кезінде бір-біріне қолдау көрсетіп, эмпатияны үйрете алады. Үлгерімді талдаудың нәтижесі инклюзивті сыныптар түлектерінің білім сапасы республикалық көрсеткіштен төмен емес екендігін көрсетеді. Осы елдің арнайы мектептерін келетін деректерге сүйенетін болсақ, мүмкіндігі шектеулі балаларға бөлек сыныптарда білім беру оларды жетістікке жеткізбейді екен. Сондықтан Швеция болашақты инклюзиямен байланыстырады.

Иә, нәтиже де жоқ емес. Бүгінде Швецияда екі миллионға жуық мүгедек жан тұрады. Оның 60 пайызы жұмыспен қамтылған. Бұл ел инклюзия бойынша Еуропада көш бастап тұр. Мемлекет мұндай нәтижеге жан-жақты жаңашылдық пен жаңа білімнің арқасында қол жеткізіп отыр. Демек, Швеция тәжірибесіне де үңілмеске болмайды.

Бір қуаныштысы, біздің еліміз де бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Мәселен, соңғы жылдары арнаулы білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды сапалы біліммен қамту өзекті мәселенің біріне айналды. Осы орайда Қазақстан Республикасында білім беруді

және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша мектептер мен колледждер ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар инклюзивті ортада балаларды сүйемелдейтін тиісті мамандармен қамтамасыз етіледі, педагогтерге, ата-аналарға, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға мобильді консультациялық-әдістемелік көмек енгізілетін болады, кәсіби стандарт негізінде инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтер (пән мұғалімдері, педагогтер, педагог-ассистенттер, дефектологтар) үшін біліктілік талаптары жаңартылады, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды түзеу арқылы педагогикалық қолдау мақсатында мемлекеттік тапсырысты орналастыру кезінде жан басына шаққандағы қаржыландыру (әлеуметтік рюкзак) нормалары әзірленеді, білім беру ұйымдары ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларға жағдай жасауды қамтамасыз ету (арнайы жабдықтармен, жиһазбен, кадрлармен, оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен, пәндустармен, көтергіштермен, лифтілермен және т.б. жарақтандыру) жұмысы жалғастырылады.

Демек, мұндай жұмыстардың бәрі елімізде инклюзивті қоғам құруда кездесетін кедергілерді жояды.

Ұ.Б. СПАНҚҰЛОВА, педагог-ассистент, **Ж.Ә. ҚАЙЫРОВА**, дефектолог, Б. Момышұлы атындағы №131 лицейі

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің саяси жүйесін жаңғырту мәселесі баяндалып, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын берік ұстану арқылы мемлекетті демократияландыру үдерісіндегі Президенттің өкілеттілігін қысқарта отырып, Парламенттің төменгі палатасының құзыретін жоғарылату елдің тұрақты жан-жақты дамуына әкеліп, ішкі саяси тұрақтылықты сақтайтыны сөзсіз.

Мемлекет басшысы бірқатар өзгерістер туралы да айтты. Бұл уақыт тарих беттеріне жазылып, ел дамуының жаңа бағытының – Жаңа Қазақстанның бастауы болады. Президент әрбір өзінде халықтың пікіріне құлақ асып шешім қабылдағанын жеткізді. Соның ішінде жаңадан облыстар құру, оларға Абай, Ұлытау, Жетісу сияқты атау берудің астарында зор мағына бар. Ерекше бір айта кететіні, халық егер қарсы болмаса, Қапшағайдың атауын көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Қонаевтың атына беруді де ұсынды. Күні кеше Қапшағай қаласына ресми түрде Дінмұхамед Қонаев есімі берілді.

Халықтың пікіріне құлақ асатын биліктің әрдайым мәртебесі жоғары болады. Әрине, барлығы бірден болуы мүмкін емес. Сол үшін жасалатын жұмысты билікке артып қоймай, қоғам болып, жастар болып Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!



Руслан ХАМЗА, Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жөніндегі ұлттық орталығының атқарушы директоры, ҚР Журналистер одағының мүшесі

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ

■ «АҚШ-ТА ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУЫМА БАЛА КҮНІМДЕ АҒАМНЫҢ АЙТҚАН СӨЗІ ӘСЕР ЕТСЕ КЕРЕК»

– Шыңғыс Нұрланұлы, өткен жылы егемендігімізге отыз жыл толды. Бір адамның өмірін есептегенде, бұл – ұзақ мерзім, ал тарлан тарих үшін қас-қағым сәт. Ойлап көріңіз, осыдан отыз жыл бұрын «шыр» етіп өмірге келген нәресте «орда бұзар отыздың» биігіне шығып отыр. Өзіңіз де сол кезеңнің елең-алаңында жарық дүниеге келіпсіз, жас болсаңыз да бас болып түрлі лауазымды қызметтерді атқарудасыз. Өткенге сәл шегінің жасайықшы... Шығыс өңірінде дүние есігін ашқан бала Шыңғыс пен бүгінгі өзіндік болмыс-бітімі қалыптасқан тұлға Шыңғысқа дейінгі жүріп өткен жолыңызға шолу жасап көрсек...

– Иә, еліміз егемендік алар тұсына сәл ілгеріде, 1987 жылы Шығыс Қазақстан облысына қарасты Зайсаң қаласында туып-өстім. Балалық шағым тоқсаныншы жылдармен тұспа-тұс келді. Өзім үйдің үлкені әрі жалғыз ұл бала болдым. Қазаққа тұңғыш немере үлкендерді ғой. Сол дәстүр бойынша екі айлығымнан апам мені бауырына басты. Орынжамал апамның қолында ес біліп, ержеттім десем де болады. Бірінші сыныпқа дейін Зайсаңда тұрдым.

Ең алғаш әріп тану, санақ, сурет салу – бәрін ағам Қанат үйретті. Жиі ауыра беретіндіктен апам мені балабақшаға да жібермей қойған. Шамамен бес-алты жасымда болса керек, елімізге түрлі-түсті теледидар келе бастаған. Бірде Қанат ағам теледидардан АҚШ туралы бағдарлама көріп отырып, кенет мені шақырып алып, жанына отырғызып қойды да: «Анау – Америка! Ол жерде мықты білім бар! Сен, сол елге оқуға бару керексің!» – дегені. Ағамның бұл сөзінің астарын ол сәтте түсінетін жаста емеспін ғой. Алайда, ағамның сондай ерекше әсермен айтқан сөзі жадымда кәдімгідей жатталып, есімде қалып қалған болатын.

Сөйтіп, бірінші сыныпқа баратын жылы анам мені қалаға алып кетіп, Құмаш Нұрғалиев атындағы №43 қазақ орта мектебіне берді. Бүгінде ол мектептің лицей деген мәртебесі бар. Жетінші сыныпқа көшкен жылы Өскемен қаласындағы Қазақ-түрік лицейінің қабылдау емтихандарынан өтіп, оқуға қабылдандым, қазір бұл оқу орны «Білім-инновация лицейі» деп аталады.

Лицейдегі сыныптастарымның арасында ағылшын тілін жетік меңгергендер болды, соларға қызығып мен де ағылшын тілін үйрене бастадым. Әрі десеңіз, жаратылыстану ғылымының сабақтары ағылшын тілінде өтетін. Осы пәнді дұрыс игеру үшін ағылшын тілін тереңірек үйренуге деген құлшыныс пайда болды. Достарыммен таңғы сағат алтыда тұрып ағылшын тілін оқитынбыз. Сонда 11-сынып оқушылары Америкаға оқуға түсе бастады. Мәселен, Қазақ-түрік лицейінің шәкірті Игорь Вашингтон, Сеул қалаларында өткен математика пәнінен халықаралық олимпиадалардан алтын медаль алып, АҚШ-қа оқуға түсті. Сосын Игорьдан: «Сен қалай оқуға түсіп жүрсің?» – деп сұрадым. Өзі ауылдың баласы. Ол емтиханға қалай дайындалғанын, қайтіп тапсырғанын түсіндіріп берді. Өзге де үздік оқушылардан керекті мәліметтерді сұрап-біліп алдым. Біз де сол медалистер сияқты TOEFL, SAT секілді тесттерге дайындалып, емтихандарды тапсырдық.

Ернар есімді досым екеуіміз 10-сынып оқып жүргенде, қаңтар айында Президенттің «Болашақ» бағдарламасы жарияланды. «Бағдарлама аясында үш мың жас талапкер әлемнің түпкір-түпкіріне оқуға жіберіледі» дегенді естіп қатты қуандым да анама: «Мен де «Болашақпен» оқуға барамын», – дедім.

Он бірінші сыныпқа көшкен жылдың жазғы демалысында Ернар екеуіміз мектеп директорынан мектепке келіп дайындалуға рұқсат сұрадық. Бас алайын емтиханға дайындалып, 11-сыныпқа келген кезде емтихандарды тапсырып, «Болашақ» бағдарламасына да қатысып, Америкаға оқуға түсіп кеттік.

«Егер Қанат ағам кезінде «Америкада оқуың керек!» деп нық шешіммен айтпаса, мүмкін Америкаға бармайтын ба едім?» деген де ой келеді. Психологияда «подсознание» деген ұғым бар ғой, мүмкін ағамның сол сөзі бала маған солай әсер еткен болып тұрады. Осыдан кейін мен өзімнен кейінгілерге де: «Үлкендерді тыңдап жүріңдер», – дегенді жиі айтамын.

– «Болашақпен» оқып келдіңіз. Ел көріп, жер көріп, білім жетілдірген заманауи маман ретінде «Болашақ» білім беру бағдарламасының операторы – «Халықаралық бағдарламалар орталығында» жұмыс атқардыңыз. Жалпы, осы бағдарлама ел дамуы үшін қаншалықты көдеге жарап жүр?

– Жалпы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті де, қазіргі Мемлекет басшысы да көпвекторлы сыртқы саясатты ұстанып отыр. Ол – дұрыс, біздің географиямыз да, халқымыздың болмысы да соған сай. Көпвекторлы саясат елшілер арасындағы қарым-қатынас қана деп ойламауымыз керек. Мұнда «Болашақ» бағдарламасының қосқан зор үлесі – шет мемлекеттер мен Қазақстан арасында алтын көпір болу. Шет елде білім алып жүрген студенттерімізді білім-ғылым саласындағы бейресми елшілеріміз деуге болады. Біріншіден, сол студенттеріміз арқылы елімізді таниды, олар шет елде міндетті түрде Наурызды тойлайды, ұлттық киімдерімізді киіп, туымызды және өзіміздің дәст-дәстүрлерімізді көрсетеді, насихаттайды. Екіншіден, тек жастар ғана емес, қазіргі таңда ғылыми тағылымдамадан профессорларымыз да өтуде. Білім алмастыру қаншама көзқарасты өзгеруіне де, қалыптасуына да пайда әкеледі. Мәселен, АҚШ-тан қайтып келген сәтте менің де көзқарасым әлдеқайда өзгерген еді. Кез келген іске және мемлекеттің білім саласын дамытуға деген тың көзқарастарым пайда болды.

■ «МЕКТЕПТЕР АРАСЫНДА БІЛІКТІ ПЕДАГОГ ҮШІН БӘСЕКЕЛІСТІК БАР»

– «Ұстаздар ұстаханасы» атанған бұл жоғары білім ошағына, Әлеуметтік даму жөніндегі проректор лауазымына келгеніңізге көп бола қоймапты. Дегенмен, университетте студенттерге тәрбие және әлеуметтік қолдау бағытындағы іс-шаралар қалай жүзеге асырылуда?

– Университетіміздің биылғы стратегиясы жаңарып, оған «Жұмылдырылған университет» атауындағы пункт қостық. Аталмыш пункт – университеттің үш миссиясының бірі. Және «Әлеуметті жауапты университет» деген пунктіміз бар. Бұл бағыт бойынша студенттерімізді білім мен ғылыммен қатар, қоғамда белсенділікке үйрету, яғни оларды республикалық, облыстық, қалалық маңызды іс-шараларға және бағдарламаларға жұмылдыру.

Университетімізде тәрбие бағыты аясында атқарылып жатқан шаралар жетерлік. Соның бірі – «Толық адам» тұжырымдамасы. Абайдың «Толық адам» шығармасының негізі бойынша құрылған. Бұл дегеніміз не? Ол – нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат. «Нұрлы ақыл» – профессорларымыз беретін білім-ғылым деген сөз. «Жылы жүректі» университетіміздегі еріктілер қозғалысы жүзеге асырады. Ал, «Ыстық қай-



ШЫҢҒЫС НҰРЛАНОВ,
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ
ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОРЫ, БІЛІМ БЕРУДІ БАСҚАРУ МАГИСТРІ,
«БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҮЛЕГІ:

«ҰСТАЗДАР
ҰСТАХАНАСЫНЫҢ ЖАҢА
СТРАТЕГИЯСЫ
ҚАБЫЛДАНДЫ»

Абылай ханның «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік» деген даналық сөзінің астарында қаншама мән-мағына сыйып жатыр. Жаһандану дәуіріндегі жұлбағалар күнделікті білімнің ауадай қажеттігін тағы да сезініп отырмыз. Ал, Жаңа Қазақстан құруда алдымен ұстаз атаулының аянбай тер төгуіне тура келеді. Көп салмақ соларға түседі. Өріс тарылып, өкпе қысқан тұстағы сан сауалды елімізде «Ұстаздар ұстаханасы» атанған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры, білім беруді басқару магистрі, «Болашақ» бағдарламасының түлегі Шыңғыс Нұрлановқа қойып едік. Төменде педагог мәртебесі және тұңғыш университеттің бүгінгі тыныс-тіршілігінен өрбіген сол сұхбатты оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ратты» әртүрлі эмоционалды интеллект, кәсіпкерлік, көшбасшылық атаудағы курстарымыз арқылы жүзеге асады. Бұл қосымша курстардың студенттеріміздің білікті маман болып қалыптасуына пайдасы зор.

Бүгінгі атқарып отырған қызметің алдында мен Республикалық физика-математика мектебінің Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалында директор болдым. Сондықтан мектептің тынысын жақсы білемін әрі тәрбие жұмысында қандай олқылықтар бар екенін сол жерде көрдім. Сол олқылықтарды азайту мақсатымен мектептермен байланыс орнатуды жолға қойып және осы жұмыстарды жандандыру мақсатында «Ұлттық тәрбие орталығын» аштық. Біз, Ұлттық педагогикалық университет болғандықтан, ұлттық тәрбиені дәріптейміз, арқашан қолдаймыз. Ұлттық тәрбиеге қатысты қалада өтетін барлық игі шараларға қатысып, іс-шараларда белсендіміз деуге болады.

«Ұлттық тәрбие орталығындағы» психологтар апта сайын мектептерге барып жиындар өткізеді. Мұны біз есеп үшін жасамаймыз, сол әдемі іс-шараның мәні, мағынасы, белгілі бір астары болуын көздейміз. Оқушыларға қазақшылқ, ұлттық тәрбие не екенін, ата-бабаларымыздың қалай өмір сүргенін, бүгінде сол құнды дүниелеріміз қалай сақталуда екенін ұғындыру, бала санасына сіңіру керекпіз. Өйткені, интернет жүйесі билеген мына қоғамда баланы таңдандыру оңай емес, олар әлемде не болып жатқанын қолындағы алақандай телефонмен-ақ біліп отыр. Сондықтан өзіміздің ішкі ұстанымымызды ұстап қалу үшін осы мәселені бала кезден дағдыландырсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

«Ұлттық тәрбие орталығының» екінші бағыты – психологтар арқылы мектептегі психологиялық жұмыстарды жақсартуға атсалысу. Яғни, университетіміздің психологтары тек студенттерімізбен емес, олар мектеп психологтарына да шеберлік сабақтар, тренингтер өткізеді әрі мектептегі оқушылармен жұмыс істейтін білікті психологтармен тәжірибе алмасады.

Орталықтың үшінші бағыты, ол – бізде Оразалы Досбоосынов атындағы ақындар мектебі бар. Сол ақындар мектебінде жылда «Менің пірім – Сүйінбай» атты республикалық айтыс өтіп тұрады. Бұл жақсы дәстүр студенттердің арасында шектеліп қалмасын деп, мектептерге де шығып, өткізудеміз. Сондай-ақ, мектепаралық мұшайра өткіземіз және сол мұшайраның өз шеңберінде өтуіне, мұшайраға іріктелетін өлеңдер тақырыбына дейін жиі мән беріп, студенттер мен оқушыларға шеберлік сабақтар өткіземіз.

– Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деген даналық сөзінің Президентіміз қайта жаңғыртты. 2019 жылы 30 желтоқсанда Қасым-Жомарт Тоқаев «Педагог мәртебесі туралы» Заңға қол қойды. Сөйтіп, қоғамда беделі түскен кәсіпкер мамандықтың мәртебесін заңмен бекітті. Педагог абыройын асқақтату аясында университетте қандай маңызды шаруалар атқарылып жатыр?

– Жоғарыда Өзіңіз атап өткендей, біз – ұстаздар ұстаханасымыз. Кезінде университетімізде Алаш зиялылары жұмыс істеген. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы

осында сабақ беріп жүргенде, көзінде оты ұшқындаған жалынды жастармен жеке жұмыс істеп, тіпті сондай қыз-жігіттерді іргеміздегі Панфилов саябағына апарып, өзі бөлек дәріс оқыса керек. Әсіресе, түсі уақытта, дәріс залында айта алмайтын (мысалы, анау Жапонияда, Америкада былай болып жатыр деген секілді...) тақырыптарды саябақ ішінде отырып, еркін түрде айтады екен.

Ахмет Байтұрсынұлы бастап кеткен сол ісін халықаралық тәжірибеге сәйкес жандандырмақ ниетте университетіміз Honors College жобасын бастамақ. Осы жобаның негізінде білімді, білікті деген студенттерді таңдап алып, оларға сабақтан тыс уақытта қосымша дағдыларды үйретеміз. Жобаның мақсаты – мектептерге талантты педагогтарды дайындау. Елімізде жалпы білім беру мектептерінен бөлек жекеменшік білім ошақтары, Назарбаев зияткерлік мектептері, Республикалық физика-математика мектептері бар. Сонымен қатар, NGS деген мектеп бар. Біз сондай мектептердің директорларымен кездестік. Жекеменшік мектепте кей функциялар басқаша жұмыс істейді. Ондай мектептердің проблемасы – білікті ұстаздарды мектепке шақыру. Республикалық физика-математика мектебінде директор болып жұмыс істеген кезде, физика пәнінен мықты бір мұғалімді мектепке алу үшін бір жыл артынан «жүгірдім». Яғни, мектептер арасында бәсекелестік пайда болды. Жекеменшік мектептер де, басқа мәртебесі бар мектептер де білікті мұғалімдер үшін таласады.

Жалпы, кеңестік дәуірде ең жақсы мектеп үйдің жанындағы мектеп болып саналған және оған «прописка» бойынша бара беретін. Қазір ондай түсінік жоқтың қасы. Қазіргі кезде «инклюзия» деген ұғым тек мүмкіндігі шектеулі балалар туралы емес, инклюзия дегеніміз – озық ойлы, білімге құштарлығы ерекше балалар туралы да әңгіме деген сөз. Табиғаты ерекше балаға ерекше тәжірибелі ұстаз және орта қажет. Мұндай балаға сұранысына сәйкес білім сапасын бер алмасаң, ол бала мүлде сабақ оқымай қоюы да әбден мүмкін. Сонықтан дарынды балаларға сәйкес білікті ұстаздарды даярлау қажет.

Кез келген педагогикалық жоғары оқу орны, яғни біз бизнестегі өндіруші секілдіміз. Біздің өнімдеріміз мектепке барады. Қосымша курстарды студенттерге сол үшін үйретеміз. Ол қазіргі таңдағы эмоционалды интеллект, цифрлық педагог, инклюзивті балалармен және дарынды балалармен жұмыс істеу секілді жоба бойынша мектеп директорларын шақырамыз. Мектеп басшылары теоретикалық емес, практикалық тұрғыдан студенттерімізге мектептердің басқару тетіктерін айтып беретін болады.

Екінші мәселе – ұстаз біліктілігін арттыру. Ұстаз дайындайтын тарихы мен салмағы бар жоғары оқу орны болғандықтан, сапалы ұстаздар дайындау басты міндетіміз. Бұған алғашқы қадам жасалды. Қыркүйек айында келетін бірінші курс студенттерін бірден мамандық бойынша емес, бағдарламалар тобына қабылдауға шешім шығардық. Нақтылап түсіндірсек, бір жыл бойы студенттер белгілі бір факультет бойынша оқымайды. Тек екінші курста ғана бағдарлама тобы арқылы мамандықты өздері таңдайды. Мысалыға айтайын, группада педагогикалық физика және ғылыми физика мамандығы болды делік. Сосын студенттер ғылыми физикамен айналысамын немесе физика пәнінен педагог боламын

деп, өздерінің қалауы бойынша таңдай алады. Оларды бірінші курста мектептерге алып барып қызықтырып, көрсетеміз. Себебі, келесі жылдан бастап пассивті түрдегі өндірістік тәжірибе бірінші курстан басталады. Мысалы, бір түлек инклюзивті білім беру мамандығын таңдады делік. Ол өмірінде инклюзивті балаларды көрмеген, сосын үшінші курсқа барғанда өндірістік тәжірибеде сондай балаларды көреді. Сосын оның мәселі қайтады. Өйткені, бірінші жылы тек теориялық тұрғыдан ғана оқып жүрді. Сондықтан келесі оқу жылынан бастап, бірінші курстарды аптасына 3 сағаттан мектептерге жібереміз. Инклюзивті білім беру мамандығында оқыса, сондай мектептерге студенттерді тәжірибеге жібереміз. Мүмкін студент көрген соң, сол жерде мамандығын ауыстыруға шешім қабылдай. Себебі, практика теорияға қарағанда өзгеше, алайда екеуінің арасында сабақтастық бар. Бірақ та оны өз көзіңмен көруің бөлек қой. Қазір осындай жобаларды қолға алып жатырмыз.

Үшінші мәселе – мектеп тапшылығы. Орта білім беру жүйесіндегі тағы бір мәселенің бірі – мектептердегі орын тапшылығы. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылға дейін 1 000 мектеп салу туралы тапсырмасына сәйкес жаңадан мектептер салынады. Ол дегеніміз не? Ол бізге бәсекеге қабілетті мектеп директорлары керек, одан бөлек 4 мыңнан астам директордың тәрбие жөнінде, оқу ісі жөнінде, әдістемелік жұмыстар жөнінде орынбасарлары керек, мыңдаған мұғалімдер де қажет екені белгілі. Енді біз сол мамандарды даярлау керекпіз. Бұған, әрине, халықаралық тәжірибеден алынған әдісті қолданған жөн. Бұны Назарбаев университетінде магистратурада оқып жүргенде көрдім. Мектепте жұмыс істеп жүріп, қосымша магистратурада оқыдық. Мысалы, мектептегі балаларды демалысқа жібересің, өзің де екі-үш апта оқуға барасың, ал қалған тапсырмаларды онлайн тапсырамыз. Сөйтіп, екі жылда магистр болып шығасың. Осындай бағдарламаны ашып, жүзеге асырсақ деген ниетіміз бар. Яғни, болашақ мектеп директорлары үшін бағдарламаны бірден практикалық тұрғыдан қарастыруды жөн санадық.

■ «ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІЗ ЖҰМЫСҚА БАРУЫНА ӨЗ БАСЫМ ҚАРСЫМЫН»

– Шыңғыс Нұрланұлы, білім-ғылым саласының заман ағымына қарай түрленуі заңдылық. Ал, университетте заман ағымына сай ауыз толтырып айтарлықтай қандай өзгерістер бар?

– Жоғарыда айтқанымдай, университетіміздің жаңа стратегиясы қабылданды, сол бойынша жұмыс атқарылуда. Оның бірнеше бағыты бар. Бүгінгі таңда педагогтерді дайындау бойынша әлемде көптеген үдерістер бар. Қазіргі кезде сыныпқа кірсеңіз, парталардың орналасуының өзі өзгеріп кеткен. Бұрын партада біріміздікі артымызда біріміз отыратынбыз. Қазір заманауи сан алуан парталар шықты. Оның барлығы жаңа методикаға байланысты. Ұстаздар да жаңа методика мен дағдыларды үйренуде. Сол негізде оқу ордамыз профессорлармен, мектеп мұғалімдері және басшыларымен бірігіп, жаңа оқу бағдарламасын жаңартуымыз. Магистратурадағы жаңа бағдарламаны жазар алдында біз мектептің басқарушылары немесе директорларынан кеңес сұрадық.

– Қазіргі уақытта ЖОО соңғы курс студенттерін тәжірибеден өтуге жібереді. Жалпы, мектептермен байланыс қаншалықты жүйелі жолға қойылған?

– Алматы қаласындағы 180-нен астам мектептермен жұмыс істейміз. Студенттеріміз өндірістік практикадан өтеді. Педагог үшін тәжірибе өте маңызды. Мысалы, 1-курс студенттері 3 сағат өндірістік практикада болады. Олардың білімі енді қалыптасып келе жатқандықтан, жалпы педагогикалық мамандыққа деген бейімділігі шыңдалып, педагогикалық ортадағы жұмыстармен танысады. Яғни, ол тікелей өзі сабақ бермейді. Тек қана тәжірибеден мұғалім қалай сабақ өтуі, оқушылардың ынта-жігерін бағамдауы, олардың сабаққа қатысуы секілді жағдаяттарды бақылап, байқап жүреді. Педагогикалық-психологиялық практика кезінде 2-курс студенттерін аптасына 2 күн 3 сағаттан, 3-курста әдістемелік практикада аптасына 3 күн 6 сағаттан, яғни бір аптада 18 сағат мектепте болуы керек. Енді 4-курс 5 күн бойы 6 сағаттан мектепте жүреді. Педагогтардың тәжірибесіз жұмысқа баруына өз басым қарсымын.

■ «БІЗДЕ «ПЕДАГОГ КӘСІППЕН АЙНАЛЫСПАЙДЫ» ДЕГЕН ЖАҢСАҚ ПІКІР ҚАЛЫПТАСҚАН»

– Жастарды руханиятпен ғана сусындатпай, экономикалық тұрғыдан сауатты боп қалыптасу үшін университет қабырғасында «Жастар кәсіпкерлігі» курсы жұмыс істейді екен, осы курс туралы айта кетсеңіз...

– Өте орынды сауал! Рас, бізде «педагог кәсіппен айналыспайды» деген жаңсақ пікір қалыптасқан. «Педагог тек бір саланы ғана игерсін» деген ереже жоқ. Қазіргі таңда жекеменшік мектептер мен білім беру орталықтары жетерлік. Міне, осыдан келіп оқу орындарын қалай ашады, қалай бақарады деген сұрақтар туындайды. Сондықтан педагогикалық біліммен шектеліп қалмастан кәсіпкерлік де дамыту мақсатында осы жобаны қолға алып, күрс аштық. Осы жоба аясында биыл 150-ге жуық студентіміз кәсіпкерлік курстарынан өтті. Сәтті аяқтаған студенттерімізге сертификат табыстадық. Курстарда студенттер сол кәсіпті қалай ашу, қаржы тарту, қалай басқару, бизнес-жоспарды қалай жазу керектігін, банкке қатысты шаруаларды қалай реттеу, банкке несие алу үшін қандай құжаттар дайындау қажеттігін, барлығын егжей-тегжейлі үйренді.

Бұл идея бір басқосуда отырғанымда ойыма келген. Сол отырыста бір бауырымыз отырғандарға: «Қазіргі таңда Ыбырай Алтынсарин тірі болғанда немен айналыр еді?» – деп қызық сауал тағасты. Сонда бір бауырымыз былай деп жақсы жауап берді: «Мемлекеттік емес, жекеменшік жақсы мектебін ашатын еді. Сөйтіп, сол мектептің бағдарламасын мықты етіп қалаушы еді».

Иә, расында мектеп бағдарламасының мазмұны мықты болса, білімдар бала тәрбиелеу қиындық тудырмас еді. Жеке оқу орындарында алдымен білім, сосын қаржылық жауапкершілік тұрады. Екеуін де игеріп кете алсаң, онда сенен жақсы кәсіпкер оқытушы шығады.

– Карантин кезінде ақылы бөлімде оқытын студенттерге жеңілдіктер қарастырылғанын білеміз...

– Әлеуметтік көмек карантиннен тыс кезде де үлгі беріліп келеді. Мәселен, толық жетім санатындағы студенттерге жүз пайыз жеңілдік қарастырылған. Ал, жартылай жетім, көпбалалы категория санатындағы студенттерге де белгіленген ереже бойынша жеңілдіктер көрсетіледі. Біз, әлеуметтік жауапкершілікті университет болғандықтан, арқашан студенттерді қолдаймыз.

– Шыңғыс Нұрланұлы, сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан: АЛМАБЕК ИБРАЙЫМОВ



■ Ниджат Рахимов 2016 жылғы Рио Олимпиадасында жеңіске жетіп, әлемдік рекорд орнатқанда қуаныштан көз жасына ерік беріп, аспанға секіріп, лезгинка да билеген еді...

генмен, марқұм Анатолий Храпатый 1988 жылы КСРО құрамасы сапында Олимп шыңын бағындырған еді.

■ ҚАЙТАРЫМЫ БОЛМАҒАН ҚЫРУАР ҚАРЖЫ

Рас, Қазақстан ұлттық құрамасында легионерлердің қатары көп. Әсіресе, ауыр атлетикада (көбі кейін допингпен ұсталды). Өз елінде жағаға шығып қалған балықтай күй кешкен сол спортшылардың басым бөлігі өз елдеріне ренжіп Қазақстанға қоныс аударды. Бұл «Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар» дегенге саяды. Оларды Қазақстан халқы жатырқаған жоқ. Федерация бар жағдайларын жасады. Қазақстан бұл легионер спортшыларға кәдімгі инвестиция ретінде қарады. Кейбірінің қайтарымы мол болса, кейбірі кетке шығынды ақтамады.

Біреудің қалтасын санамайсың, бірақ Олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлеріне берілген сыйақы бюджеттен бөлінгендіктен, оны санаудың әбестігі болмаса керек. Бірден айтайық, Олимпиада ойындарында медаль алған спортшыларға берілген сыйақының ресми бекітілген мөлшерін ғана назарға алдық, жергілікті әкімдіктер, федерациялар, демеушілер тарапынан берілген ақшалай, заттай сыйлықтарды есепке алмадық.

Допингке байланысты барлығы 10 қазақстандық спортшы Олимпиада медальдарын заңды иелеріне қайтарып берді. Сол спортшылардың сегізі – ауыр атлеттер. Қалған екі спортшы – Таймураз Тигиев (ол да Ресейден келген легионер) пен Әсет Мәмбетов. Екеуі де күрестен 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасында жүлдегер атанған болатын. Біріншісінен күміс, екіншісінен қола жүлделерді Халықаралық Олимпиада комитеті қайтарып алды. Тигиев, Мәмбетовтермен бірге Бейжің Олимпиадасында үздіктер қатарынан көрінген ауыр атлеттер Илья Ильин алтын, Ирина Некрасова күміс, Мария Грабовецкая қола жүлделерінен айырылды. Олардың қатарына Светлана Подобедова, Зулфия Чиншанло, Майя Манеза және тағы да сол Илья Ильин қосылды. Төрт ауыр атлет 2012 жылғы Лондон Олимпиадасының алтын медальдарын қайтарды. Енді бұл тізімді Ниджат Рахимов та толықтырды.

Қазақстан 2008 жылғы, 2012 жылғы, 2016 жылғы Олимпиада ойындарында чемпион болған спортшыларға – 250 мың АҚШ доллары, күміс медаль алған спортшыларға – 150 мың АҚШ доллары, қола медаль алған спортшыларға – 75 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы берді. Демек, үш Олимпиада ойындарында Қазақстан допингпен ұсталған бұл спортшылар үшін бір сыйақының өзіне 2 млн-ға жуық АҚШ долларына босқа шығындалды. Оның сыртында олардың алаңсыз жаттығуына, жаттықтырушыларына жұмсалған қыруар қаржы бар. Олимпиададан кейін сыйға берілген баспана, көліктерді тағы қосыңыз.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Жоғарыда аты аталған спортшылар Олимпиада жүлделерін Халықаралық Олимпиада комитетіне қайтарып бергенімен, сол үшін мемлекеттен алған сыйақыларын бюджетке қайтарып берген жоқ. Өйткені, бұған дейінгі қолданыстағы заңда ондай тетік қарастырылмаған. 2019 жылы «Дене шынықтыру және спорт туралы кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қабылданды. Енді спортшы допингпен ұсталса нәтижесі жойылады, Үкімет спортшыға берілген ақшалай сыйақыны қайтарып алады, оған және бәлкіеріне тағайындалған өмір бойғы материалдық төлем тоқтатылады, ұлттық құрамадан шығарылады, атақтарынан айырылады.

ӨТЕЛМЕГЕН СЫЙАҚЫ

ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІНЕ БЕРІЛГЕН 2 МЛН ДОЛЛАРҒА ЖУЫҚ СЫЙАҚЫ ЖЕЛГЕ ҰШТЫ МА?

➔ 01-беттен

қайтарып беретімізге еш күдіктенген жоқпыз. Енді сол күдігіміз расқа айналды.

Спорттық арбитраж соты (CAS) қазақстандық спортшыны зәрінің төрт үлгісін ауыстырғаны үшін кінәлі деп таныды. Ниджат Рахимовтың 2016 жылдың 15 наурызынан 2021 жылдың 18 қаңтарына дейінгі спорттағы барлық нәтижесі жойылды. Яғни, 28 жастағы спортшы Рио Олимпиадасының алтын медалінен айырылды және сегіз жылға спорттан шеттетілді.

Содан азаттық алған жылдары ауыр атлетикадан Олимпиада чемпионы атанған бір ғана спортшы қалды. Ол – легионер ретінде Ресейден елімізге қоныс

аударып, Бейжің Олимпиадасында Қазақстан атынан сынға түскен Алла Важенина. Ресейдің тумасы Бейжің Олимпиадасында Қазақстан қоржынына алтын медаль салды. Негізі Алла Важенина Бейжің Олимпиадасында күміс медаль алған-ды, бірақ ХОК шешімімен допинг дауына байланысты Олимпиада күмісін алтын медальға ауыстырып алды. Өйткені, Бейжің төрінде оның алдын орап кеткен ұлы Лэй Цао Лэй кейін допингпен ұсталған болатын. Олимпиададан кейін Алла Важенина Отанына, Ресейге оралды.

Әрине, ауыр атлетикадан Қазақстаннан шыққан тағы бір Олимпиада чемпионы барын айтуға тиіспіз. Де-

парламенттік үлгіге қадам басу – қоғам үшін үлкен жаңалық!

Қасым-Жомарт Кемелұлы мұның себебін былай деп түсіндіреді: «Бүкіл құзырет бір қолда болуына негізделген басқару жүйесі қазір өзінің тиімділігін жоғалтты. Сондықтан, біз Қазақстанды дамытудың саяси моделін өзгерту үшін әр қадамды мұқият ойластыра отырып жасауымыз керек».

Енді мықты Парламенті бар президенттік республикаға көшу – «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құрудың басты алғышарты деп санаймыз.

Ұзақ жылдар бойы Алматы қалалық Мәслихатының депутаты болғандықтан, Мәжіліс пен жергілікті сайланбалы органдарға халықтың қатысуын қамтамасыз ету жолындағы жаңалықты ризашылықпен қабылдадым. Осыған дейін партия мүшелеріне ғана басымдылық беріліп келсе, енді партияда жоқтар да өкілді органдарға батыл араласатын болады. Ел арасындағы абы-

мәселесі шықты. Сондықтан, агроөнеркәсіптік кешенге мемлекеттік қолдау көрсетіп, қымбатшылықты болдырмау үшін ауыл шаруашылығы тауарларын мемлекеттік тұрақтандыру қорларына форвардтық бағада сатып алу мәселесін қарастыру қажет», – деп, бүгінгі қиындықты еңсерудің жолдарын атап көрсетті.

Бұл маңызды тапсырма агроөнеркәсіп саласындағы құрылымдарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы арада айта кету керек. Биыл егіс және егін жинау жұмыстарына мемлекеттік бюджеттен барлығы 220 млрд теңге бөліну көзделіп отыр, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 2 есеге көп. Егіс науқанына 400 мың тоннадан астам жанармай бөлінеді. Энергетика министрлігі диқаналар үшін жанаржағармай құны 15-30 пайызға арзан болатынына уәде беріп отыр. «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» форвардтық сатып алу бағдарламасы бойынша егіс науқанын жүргізу үшін шаруаларды қаржыландыруға өтінімдерді қабылдауды бастады.

Өткен аптада Қазақ Ұлттық ғылым академиясының Президиум мүшелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылады. Жиынды Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Президенті, химия ғылымдарының докторы, танымал профессор, академик Жұрынов Мұрат Жұрынулы ашып, жүргізіп отырды.

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖОЛДАУЫ ЕЛ ДАМУЫНА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Талқылау барысында белгілі академиктер мен танымал ғалымдар Жолдау туралы байыпты ой-тұжырымдарын ортаға салды. «Президент Қ.К. Тоқаевтың Жолдауы – еліміздегі экономикалық және саяси қайта құрулар мен Жаңа Қазақстан бағдарламасын жүзеге асырудың негізі» деген тақырыпта экономика институтының директоры, ҰҒА академигі Сатыбалдин Әзімхан Әбілқайырұлы, «Жаңа Қазақстан және оның жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымы» деген тақырыпта Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҰҒА корреспондент-мүшесі Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы, «Жаңа Қазақстанның жаңа беталысын айқындаған құжат» атты тақырыпта Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Дүкен Мәсімханұлы баяндама жасады.

«Ел Президентінің саяси реформалар жөніндегі Жолдауы ел дамуына тың серпін береді» атты баяндамамен шыққан мен алдымен жаңа саяси реформаларды тиімді жүргізу үшін Жолдауда ел Тәуелсіздігін сақтау және нығайту қажеттігіне ерекше көңіл бөлінгенін атап өттім. Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз! Қазір әлемде қандай жағдайлар болып жатқанын көріп отырсыздар. Жақында ел тұрақтылығына қауіп төндірген «қаңтар оқиғасын» бастан өткердік. Сондықтан, өткен

жағдайлардан сабақ ала отырып, ел іргесін нықтап, мемлекетіміздің қуатын арттыруды мақсат тұтқан Президенттің айналасына топтаса білу – ынтымақ, бірлігімізді арттыратыны күмәнсіз.

Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халыққа қызмет ету менің президенттік әрі перзенттік парызым!» дей отырып, бірқатар маңызды мақсаттарды белгіледі. Атап айтқанда:

- жаңа саяси реформалардың ерекшеліктері мен бағыттары;
- сайлау процесін жаңғырту;
- жергілікті атқарушы және өкілетті билік органдарын нығайту;
- азаматтардың негізгі құқықтарын қорғау сияқты қоғамды толғандырып отырған мәселелерге жан-жақты талдау жасап, реформалар бағытындағы маңызды тапсырмаларды нақтылады.

Осы арада ерекше айтарым, бұл ауқымды реформаны жүзеге асыруды тек мемлекет мойнына жүктеп қою жеткіліксіз. Ол үшін біздің Ұлттық ғылым академиясы сияқты беделді институттардағы ғалымдардың белсенді көмегі, ұсыныстары ауадай қажет.

Саяси жаңғыртуды көздейтін Жолдау – тұжырымдамалық айқын мақсаттарымен құнды! Мысалы, басқарудың «супер президенттік» үлгісінен президенттік-

ройлы, белсенді, білікті, азаматтарға жол ашылады.

Иә, өздеріңіз жақсы білесіздер, құқықтық мемлекетте ғана азаматтық қоғам алға дамиды. Конституциялық сотты қалпына келтіру, Прокуратура және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау, «Ұлттық құрылтайдың» құрылуы да – дала демократиясының тарихи дәстүр сабақтастығы деп білеміз.

Жұртшылық Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын құру туралы ұсыныстарды да ерекше қуанышпен қабылдады. Қапшағайға ұсынылған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі де көпшіліктің көңіліне қонды. Бұл бастамалар еліміздің рухани жаңғыруы мен экономикасын өркендетуге тың серпін берері анық.

Әрине, жаңа Қазақстан құрудың осы бастамаларын жүзеге асыру үшін бүкіл қоғамның қолдауы қажет.

Осыған орай, еліміздегі аграрлық жетекші ЖОО-ның басшысы ретінде мені Президенттің ауыл шаруашылығына қатысты ұсыныстары қызықтырды. Бүгінгі халықаралық тұрақсыздық, Украинадағы жағдай барлық азық-түлік бағасының күрт көтерілуіне әкеліп соқтырғанын білесіздер.

Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Азық-түлік бағасының жоғарылауы жақын арада рекордтық көрсеткішке жетуі мүмкін. Енді бірінші орынға сапалы түрде егін егу

01-беттен

Р ас, «қазақтың бұлбұлы» атанған көрнекті дауыс иесі хақында толғанып айтар, таратып айтар қырлары мол. Мұның өзінен әншінің сол кездің өзінде ән әлемінде үлкен абыройға ие болғанын көреміз. Роза Бағланованың ерекшелігі дегенде, ерекше атап көрсетер қасиетінің бірі – оның әдемі, жанға жағымды, мақпал дауысы. Бұлбұл таңдайлы әнші дауысынан нешебір сыңғырлаған дыбыс үндерін естіп, елітіп, қиянды кезіп, шартарапты ойша шарлайсыз. Тіл жеткізбеген ойды әнімен жеткізді. Талай ән Бағланованың ғажайып дауысымен шырқалып, тұсауы кесіліп, кеңінен таралып жатты. «Ақкөгершін», «Менің Қазақстаным», «Бейбітшілік туы берік қолда», «Ақмаңдайлым», «Жан құштарым», «Туған айдай», «Қайықта», «Маржан қыз», «Жайлау әні», «Махаббат вальсі», «Айналайын», «Асыл арман», «Аяулым, арманымдай асылым ең», т.б. ел аузында жатталып кеткен әндерді әнсіуір қауым алғаш рет Роза апамыздың ерекше орындауында тыңдады. Ал, халық әндерін әнші Күндей әжесінің күнұзаққа сырмақтар мен көрпелер тігіп отырғанда айтып отыратынын, сол сәттерде өзінің де қосылып айтып, әнді осылай үйренгенін айтты.



■ 1 наурыз күні «Qazaqstan» орталық концерт залында ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың қатысуымен Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған салтанатты концерт өтті

Қ БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

2021 жылы 24 қараша күні ЮНЕСКО-ның 2022–2023 жылдарға арналған халықаралық мерейтойлар тізімі қабылданып, оған Қазақстанның ұсынысымен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы мен Роза Бағланованың 100 жылдығы енді. Осылайша, қазақтың қос аңыз тұлғаларының мерейтойлары ЮНЕСКО көлемінде аталып өтіледі. Алдағы уақытта Қызылорда, Алматы, Мәскеу (Ресей) қалаларында мерейтойлық концерттер, Нұр-Сұлтан қаласында Роза Бағланова атындағы Халықаралық вокал конкурсы ұйымдастырылады. Әйгілі әншінің 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның Париж қаласындағы (Франция) штаб пәтерінде де тойланатын болады.



ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

ЮНЕСКО ДЕҢГЕЙІНДЕ ТОЙЛАНАТЫН ТҰЛҒАЛАР
ТІЗІМІНЕ ЕНГЕН ДАҢҚТЫ ӘНШІ РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ
ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙЫ РЕСМИ ТҮРДЕ БАСТАЛДЫ



Дәурен АБАЕВ, ҚР Мәдениет және спорт министрі

Роза Бағланованың 100 жылдығы баршамызға артақ мереке. Біз оны дәстүрлі түрде қазақ музыка өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті тұлға ретінде құрметтейміз. Өзіннің сахналық өнер мектебінің негізін қалаушы Роза Бағланова үлкен құрметке лайық.

Константин Рокоссовский жас әншіні «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапаттайды.

Роза Бағланованы Мәскеуден елге қайтарған Халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Жұбан Молдағалиев. Қаламгер әншіні бірінші рет Мәскеуде өткен концертте көріп, арнайы танысып, сол жерде қарақөз қарындасына «елге қайт» деп қолқа салады. Ағалық ниетін жылы қабылдап, әнші де елге оралады. Алғашында Қазақ опера және балет театрында, Қазақ филармониясында шығармашылық жолын қалыптастырды. Өмірінің соңына дейін «Қазақконцерт» бірлестігінде әнші болды.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Әншінің жүз жылдық мерейтойы қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен өзі жарты ғасыр бойы ән шырқап, жемісті еңбек еткен «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымына Роза Бағланованың есімі берілді.

Өткен жылы «Хабар» телеарнасы әншінің өмірі мен өнерін қамтыған «Бұлбұл» телехикаясын экраннан көрсетіп, көрермендерімен қауыштырды. Бұрынырақта Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы «Біздің Роза» фильмін түсірсе, 2011 жылы «Ах, Самара-городок» деректі фильмі жарық көрген болатын. Әрине, ән әлемін әлдилеткен әнші туралы көркем туындылардың көп болғаны қуантады.

Бұл жүз жылдыққа дейін Қазалы ауданында Роза Бағланова атындағы 300 орындық Мәдениет үйінің алдына әншінің ескерткіш-биості қойылған еді. Еліміздің өңірлерінде әнші есімімен аталатын бірнеше көше бар.

Қазақтың қабырғалы өнерінің айдын аспанында алтындай жарқыраған, ел-жұртының рухани игілігі жолында сәнді сазды, ерке назды, өнер сәулесін шаша беретін қайталанбас ғажал дауыс иесі Роза Тәжібайқызының тұлғасы жыл өткен сайын биіктей бермек. Аты аңызға айналған әншінің қасиетті есімі әрбір тыңдарманның жүрегіне берік ұялап қалары да сөзсіз.

Розаның асуы – қазақ ән әлемінің асуы!

Әншінің сонау Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде майдан даласында – Орта Азия әскери округінің майдан шебіндегі әскерлеріне, Панфилов дивизиясының әскерлеріне және әскери тапсырмалармен түрлі майдан шептерінде орындаған («Кестелі орамал», «Қараторғай», «Айнакөз», «Екі жирен», «Жайдарман», т.б.) әндері жауынгерлерге рух-жігер сыйлағанын атақты ғұламалардың жарыла айтқан жақсы пікірлерінен оқып-білдік.

Майдангер композитор Василий Соловьев-Седой арнайы Роза үшін «На солнечной поляночке» әнін жазса, майданда бірге болған ақын Владимир Агатов «Темная ночь» өлеңін арнады. Әрі бұл әннің тұңғыш орындаушысы әншінің өзі еді. Майдан даласында қаршадай қазақ қызын танымал еткен әннің бірі, орыстың аты аңызға айналған әншісі Лидия Русланованың репертуарындағы «Ах, Самара-городок» болатын. Және осы әнімен Роза Бағланова 1949 жылы Венгрия астанасы Будапештте өткен жастар мен студенттердің II Халықаралық фестивалінде бас бәйгени қанжығасына байлап, сол жылы әнші кеңес-венгр «Юность мира» деректі фильміне де түсті. Сөйтіп, жас әнші Розаның орындаушылық шеберлігі одан әрмен қарай түрлене берді.

Роза Тәжібайқызы тек қазақша, орысша әндерді ғана емес, бірнеше тілде де әндер шырқады. Шет мемлекеттердің үлкен сахналарында тұрып әнін әуелетті. Мұнысын әнші сейіл-серуен құру деп емес, ел тану, жер тану, өзге жұрттың да сөйлеу мәнерін, мәдениетін меңгеру деп түсінді. Осыған қарап Бағланованы қазақ өнерінің ғана жемісі емес, әлемдік ән әлемін де игере алған әнші деп бағалағанымыз әлдеқайда дұрыс сияқты. Ол Александр Вертинский, Галина Уланова, Майя Плисецкая, Игорь Ильинский, Аркадий Райкин, Святослав Рихтер және Даниил Шафран сияқты әлемге әйгілі тұлғалармен бір сахнаға шыққан бірінші қазақ қызы болды. Венгр, өзбек, қырғыз, тәжік, украин, грузин, әзербайжан, корей, қытай, моңғол, орыс, чех, швед әндерін де нақышына келтіре орындаған қазақ әншілерінің бірегейі еді.

■ ҰЛТТЫҢ ҮНІНЕ АЙНАЛҒАН ӘНШІ

Әншінің талантына Иосиф Сталин, Никита Хрущев, Леонид Брежнев, Ким Ир Сен, Мао Цзэдун сияқты әлемнің танымал мемлекет қайраткерлері де ерекше назар аударды. Кеңес Одағының мәдениет қайраткерлері Бағланованы «Қазақтың ерке қызы» («Маленькая казашка») деп атап, ерекше сый-құрмет танытты.

Міне, қазақ өнеріне айрықша құбылыс боп келген әнші көпке осылайша ерте танылды. Даралық қасиеттері оның ел алдында жарқырай көрінуіне жол ашты. Әріден қозғал, естіген мәліметтерімізді жинақтап айтсақ, ұлттың үніне айналған Роза әншінің әнқұмарлығы балалық шағынан басталғандай.

Қазақтығының қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінде туып-өскен Роза қазақтың ән өнері қазынасына ерте кенелген. Әкесі Тәжібай бақуатты кісі болса керек, алғашында татардың қызы Мәриямға, сосын «ізіңді басар ұрпақ керек» деген үлкендердің айтуымен Аққүрші есімді қазақ қызына үйленді. Мәриямнан – ұлы Ыдыр-жеткен Розаға түседі. Ол Қызылорда пединститутындағы оқуын тастап, Ташкенттегі тоқыма институтына ауысады. Өз бетінше ән айтуын тастамайды. Сондай әдетімен бір күні үйдің ауласын сыбызғыдай сызылған дауысымен ән салып жинап жүргенде, оның дауысын сол маңайдан өтіп бара жатқан Ташкент филармониясының директоры Мухитдин Кари-Якубов естіп қалып, қатты таңданып, филармонияға жұмысқа шақырады. Бағланованың талантын тап басып, танымал болуына себепкер болған бірден-бір жан осы Кари-Якубов.

Жас әнші филармонияның ән-би ансамбліне әнші болып қабылданады. Одан әрісі Мәскеу консерваториясына жолдама беріледі. Тап осы кезде соғыс басталып, Роза соғыс аяқталғанша солтүстік және батыс майдан шептерінде әріптестерімен бірге жауынгерлерге концерт беріп жүреді. Варшавадағы концерттің бірінде әйгілі қолбасшы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, маршал



■ «Qazaqstan» орталық концерт залында әншіге арналған көрме ашылып, жүз жылдық мерейтойға орай баспасөз мәслихаты өтті

100 ROZA BAĞLANOVA

«ҚАЗАҚКОНЦЕРТ» ҰЙЫМЫНА
РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

•••

АЛМАТЫДА РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ
ҚҰРМЕТІНЕ ЕСКЕРТКІШ
ҚАБАНБАЙ БАТЫР КӨШЕСІНІҢ ОҢТУСТІК
БӨЛІГІНДЕ, БАЙСЕЙІТОВА
КӨШЕСІНІҢ ШЫҒЫС ЖАҒЫНДА ОРНАТЫЛАДЫ

•••

ҮКІМЕТТІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ
14 НАУРЫЗДАҒЫ № 123 ҚАУЛЫСЫМЕН
ЕЛОРДАДАҒЫ № 2 БАЛАЛАР
МУЗИКА МЕКТЕБІНЕ
РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

•••

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
15 МЫҢ ДАНА 100 ТЕҢГЕЛІК
НОМИНАЛМЕН ROZA BAĞLANOVA. 100 JYL
КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАСЫН
АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРДЫ

РОЗА БАҒЛАНОВАНЫҢ ӨМІРІН БАЯНДАЙТЫН ТЕЛЕХИКАЯ



QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYN
AQPARAT JANE OQSAMOVYQ DAMU MINISTRLIGI



БҰЛБҰЛ

телехикаясы

Роза Бағланованың
100 жылдығына орай



Заманның алмағайып шақтарын жүрегімен сезініп, ұлтының қуанышы мен қайғысын енге арқау еткен Роза Бағланованың ерен еңбегін ұлықтау былтырдан бастау алды. Президент тапсырмасы бойынша өткен жылы «Хабар» телеарнасы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен Роза Бағланованың өміріне арналған «Бұлбұл» тарихи телехикаясын түсірді. Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін жезтаңдай әншінің өмірінен сыр шертетін заманауи байопик канондарына құралған «Бұлбұл» телехикаясына тоқталады.

Әлия ІҢКӘРБЕК

ТАЛАНҚА ТАҒЫМ

Бір жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Роза Бағланованың есімін мәңгі сақтау үшін шаралар қабылдауды тапсырған болатын.

«2022 жылдың 1 қаңтарында қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толады. Ол – Қазақстанның және КСРО-ның Халық әртісі, Қазақстанның Халық қаһарманы. Майдан даласында ән салған Роза Бағланова қазіргі күнге дейін еліміздегі және шетелдегі ән сүйер қауым арасында кеңінен танымал. Оның есімін мәңгі сақтау үшін шаралар қабылдауды тапсырдым», – деп жазған еді Қазақстан Президенті өзінің 264 мың оқырманы бар Twitter парақшасында.

Күміс көмей өнер иесінің ғұмырбаяны – халқына деген өлшеусіз құрмет пен өзін өнерге арнау жолындағы тәуекелдерден құралған секілді әсер қалдырады. Сахнаның киесін сезініп, ұлы өнердің қасиетіне бас иген қазақтың Розасы жайлы өмірбаяндық телехикая түсіру оңай емес екені анық. Дегенмен, Роза Тәжібайқызының өмірі мен шығармашылығына негізделген «Бұлбұл» жобасын өткен жылдың мамырында қолға алған «GG Cinema» түсірілім тобы жауапкершілік жүгін арқалап, мақсаттарының межесіне жетті. Көрермен назарына ұсынылған телехикая аз уақыттың ішінде көптің көңілінен шығып үлгерді. Туындының бас продюсері – Гүлнұр Мамасарипова. Санжар Омаровтың режиссерлігімен түсірілген туындының операторы – Қаршыға Оспанов.

Роза Бағланованың өмірінің негізінде түсірілген фильмдер әлемдік кино тарихында бар эксперимент. Түсірілім тобы «Бұлбұл» туындысын қолға алғанда бар күшін салып дайындалғаны көрініп тұр. Талғамы жоғары көрермен тарапынан берілетін оң бағаммен қатар сынды да болатынын сезінген секілді. Десек те, телехикаядан Роза Бағланованың біз білмейтін, өзіне ғана мәлім сырлары, таңғажайып тағдырының тосынсыялары ешкімді бейжай қалдырмағаны анық. Өмірбаяндық туынды Қазақстан, Өзбекстан және Беларусь елдерінде түсірілген. Оқиға өнерпаздық балалық шағынан бастау алып, жастық шағындағы есінен кетпесті естеліктеріне ұласады. Бастапқыда фильм көрерменді, көрермен фильміді жатырқағандай әсерде боласыз. Себебі, қайталанбас тұлға туралы туындының тереңіне бойлауға жүрексінуіңіз мүмкін. Кейіпкердің көңіл-күйіне ілесіп, сол әлемге енген сәтінде оқиғалар алмасып, туындының шарықтау шегінің куәсі боласыз.

Роза Тәжібайқызының орта жастан асқан шағын ой-нау Күнсулу Тұрғынбекқызына бұйырыпты. Фильмде бас кейіпкер өмірінің сан-килы кезеңдерін балалық шағынан бастап өзі баяндайды.

ТӘУЕКЕЛМЕН ЖОЛДАС БОЛҒАН ТАЛАНТ

Туынды балалық шағы ашаршылықпен тұспа-тұс келген Үрбибінің әнге құштарлығын байқаған әжесі оны халық әндерімен сусындауынан басталады. Әжесі оны еркелетіп Роза деп атаған. Ақ әжесінің тәлім-тәрбиесін бойына сіңіріп өскен қыз болашаққа зор сеніммен қарады. Қос анасына еркелеп, әжесіне ән тарихы туралы сұрақ қойғанды ұнататын қыз мектеп қабырғасында да талабына қолдау білдіретін ұстазға кезігеді. Үкілеген үміті мен аппақ армандарының жетегіндегі Роза қалаға оқуға түсіп, өнерін одан әрі шыңдайды. Қиын-қыстау кезеңдер мен ауылдағы жоқшылықтың әсерінен оқуын тастап, Өзбек КСР-ның астанасы Ташкентке жұмыс іздеп аттанады. Қызының қолынан тігін келетінін білген анасы сол кездің өзінде тұрғыны көп саналатын қаладан бір жұмыс табыларына сенеді. Тіпті, тігінші болып, қиын жұмыстарды істейтін қарапайым адамдарға баспана берілетіні жайлы ақпаратты да естігенін айтады. Өнерін аяқтасы еткеніне өкініп, уайымға салынған бойжеткенді Ташкент шаһарында биік белестер күтіп тұрған болатын. Оның өмірі тәуекелден тұратын...

Телехикаяны көріп отырып кейіпкердің ішкі әлеміндегі болып жатқан құбылыстармен бетпе-бет келесіз. Оқиға желісі бойынша ерекше талантымен кездейсоқ көзге түскен Роза Өзбек КСР филармониясындағы Мемлекеттік әйелдер ансамбліне қабылданады. Өз арманындағы ортаға топ етіп түскен оның қуанышы ботадай көздерінен анық байқалады. Филармонияда қазақ әнін әуелете шырқап тағы бір өзін дәлелдеген соң, оқуын жалғастыруға Мәскеу консерваториясына жолдама ала-

ды. Алайда, аяқ астынан соғыс басталып өз қалауымен ансамбльмен бірге Ұлы Отан соғысының майданына кетеді. Ән құдіретінің арқасында жауынгерлерге жігер беріп, олардың намысын қайрап, басқа түскен қиындықты сейілтуге тырысқан Розаға жауынгерлердің қошеметі мен құрметі ерекше еді. Қанша мақтау, мадақтау естісе де, ол баяғы қалпынан, қарапайым, биязы болмысынан айнымады. Тіпті, соғыста жарақаттанып, көзіне зақым келгенде: «Бұл болар-болмас жарақат, майдан алаңындағы нағыз батырларға көмектесейік», – деп дәрігердің жәрдемінен бас тартады. Осы «ерлігі» соғыс бітіп, мамыражай заманда жылдар өткен соң алдынан шығады. Розаның денсаулығына кәуіп төніп, көзі мүлдем жарық дүниені көрмей қала жаздайды.



Гүлнұр МАМАСАРИПОВА, «Бұлбұл» телехикаясының бас продюсері

Бұл күндер өте ауыр, бірақ өте қызықты өткен еді. Карантинге байланысты түсірілімді кейінге шегеріп жүрдік. Бірақ, ештеңеге қарамастан телехикаяны Ташкентте де, Минскте де, Алматыда да түсірдік. Декорация, сахналық костюмдер таңдау және безендіру бойынша көп жұмыс істелді. Тіпті, базар аралап, әжелерден сатып алып та жүрдік...

Бойына қонған қасиетті өнерді қастерлеп, қара басының қамын емес, бүкіл халықтың қайғысын арқалаған әнші осылайша соғысқа қатысып, «Халық қаһарманы» атанады. Кинокартинаның көрерменге ұнаған тұсы осы болса керек.

Әдетте, мұндай жобаларда бас кейіпкердің өнеріне ғана басымдық берілетін. Ал, бұл туындыда Роза Бағланованың әншілік қана емес, азаматтық болмысын, өмірлік ұстанымдары мен қағидаларын, шынықтығын, батылдығын, бір сөзбен айтқанда, адами құндылықтарын танымыз. Сол қасиеттеріне еріксіз тамсанасыз. Осы туындыны желеу етіп, тұлғалардың адами портретіне көрерменді үңілдіру режиссердің басты мүддесі болса керек.

АКТРИСАНЫҢ СЕРТІ

Роза Бағланованы әжесі «Бұлбұлым» деп еркелетіп, ерекше дарынына күмән келтірмейтін. Әжесінің бұл сенімі телехикаяның атауына да арқау болыпты. Роза Бағланованың жүріп өткен соқпақпалы, соқпақсыз, қиындығы мен қызығы қатар өрілген өмір жолын көрсетуге тырысқан туынды – «Бұлбұл» телехикаясы тарихтың бетінде, ұрпақтың жадында қалары сөзсіз.

Бас продюсер Гүлнұр Мамасарипованың айтуынша, бас кейіпкерді сомдайтын актриса ұзақ таңдалыпты. Оқиға желісі бойынша кейіпкердің жастық шағы мен орта жасын ойнайтын екі актриса қажет болған. Содан 18-50 жас аралығына Зарина Жәкенова лайық деп танылған. Актриса кейіпкерінің мінез-құлқы мен әдеттерін бойына сіңіріп, рөлді қорытуына аз уақыт кетпепті. Ол Роза Бағланова жайлы барлық мәліметтерді зерделеп, әнші жайлы жазылған кітаптарды түгелдей оқып шығыпты. Осылайша, өз рөліне тиянақты дайындалған актриса жауапкершілік жүгін сезініпті.

Әрине, аты аңызға айналған тұлғаны айнытпай ойнау шығу оңай емес екені белгілі. Актрисаның айтуынша, соғыс кезіндегі атмосфераны көрерменге жеткізу қиынға соғыпты.

«Осы рөлде ойнап емес, өмір сүріп жүргендей әсерде болдым. Ең қиыны – бүкіл халық білетін адамның рөлін сомдау. Себебі, ол кейіпкердің өзіне ғана тән мінезі, әдеттері бар. Оның бәрі халыққа мәлім. Осының бәрін ұғына отырып, образ шығаруды қолға алдым. Роза апамызға ұқсатып әрі пародияға айналмайтындай бейне жасау мақсатым болды», – дейді Зарина Жәкенова.

Шындығында, туындыдан қайсар, батыл, ер жігітке бергісіз Розаны көресіз. Оның бұл қасиеттері өзінің сүйікті Отанын анасындай сүйенген, қорғауынан туындаған секілді. Жоғарғы жақтағылардың қарсы болатынын біле тұра ол елдегі жағдайларды, Арал теңізінің қасіретін, тұрғындардың зардап шеккенін, Семей аймағындағы полигон салдарының әлі саябырсымағанын, халықтың әлеуметтік ахуалының төмен екенін еш қорықпай ашық

айтады. Жиналған қауым оның бастамасын қолдайды. Әнші Роза елдің жағдайының күрт төмендегенін әрбір ауыл-аймаққа барғанда өз көзімен көргенде сезінеді. Тек әнін шырқап, өз басын ғана ойласа, мұндай қауіпті қадамға бас тікпес еді.

Зарина Жәкеновадан басты рөлге қалай таңдалғанын сұрағанымызда көпшілікке беймәлім сырларды да ақтарды.

«Алматыға видеопробаға бардым. Яғни, көптеген актрисалармен бірге бағымды сынап көрдім. Сол байқауда өзімнің актерлік қабілетімді жақсы көрсеткен сияқтымын. Сөйтіп, режиссер басты рөлге мені таңдады. Мен өзім мюзикл театрында жұмыс істеймін. Біз онда екі ай сайын міндетті түрде вокалдан сынақ тапсырамыз. Сынақта халық әні, мюзикл және өз таңдауыңдағы бір ән болады. Жалпы, ұлтымыздың темірқазығына айналған халық әндері көп қой. Біз сол сынақтарда барлығын орындап болдық. Вокалдан беретін апайым «Бұлбұл» әнін ұсынды. Менің ондай күрделі әнге тісім батпады, жүрексіндім. Бірақ, апайым қолымнан келетінін айтты. Дайындық барысында менің бойымнан осы бағытқа ептілігімді байқаған екен. Бір қызығы, бір айдан соң кастинг директоры хабарласып, осы жобаны бастамақшы екендерін айтты. Өзім бұл құбылысқа таң қалдым. Басты рөлге мені таңдайды деп те ойламаппын. Мені тарихта аты қалған тұлғаға ұқсатқаны үлкен жетістік деп санаймын. Жауапкершілікті сезінудемін. Жалпы, әлеуметтік желіде әртүрлі пікірлер айтылады. Көрерменнің пікірі актер үшін қолдау секілді. Әрине, жағымсыз пікірлер де бар. Оның болуы заңдылық. «Еріні ұқсамайды, көзі ұқсамайды» деген жеке пікірлерге мән бермеуге тырысамын. Өйткені, әрбір адам – жеке тұлға. Ешбір адам қайталанбайды. Тіпті, егіздердің өзінде ерекшеліктер болады ғой», – деп ағынан жарылды актриса.

Зарина Жәкенованың сөзінше, ол Роза Бағланованың өмірі жайлы барлық деректерді зерттеген. Әншінің өзі жазған кітабын бірнеше мәрте оқып шыққан.

«Ең қызығы, Роза апамыздың аяғының өлшемі (35 өлшем) менікімен бірдей болып шықты. Түсірілімде ол кісінің өмірде киген бүкіл туфлилерін кидім. Жайдары, үнемі күліп жүретін кеңпейілділігі, өмірге құштарлығы, өнерге құрметті мені таң қалдырды. Роза Бағланованы халық тек сахнадан көрді. Ол киелі сахнада ешқашан мұңайған емес. Ал өмірде, күнделікті тіршілікте өзін қалай ұстағаны көрерменге беймәлім ғой. Мен актриса ретінде режиссермен ақылдаса отырып, апамыздың өмірде қандай болғанын көрсеткім келді. «Қайтсем де бұл рөлді жоғары деңгейде алып шығамын» деп өзіме серт бердім», – дейді мойнына алған міндеттемелерін орындап, сертінде тұрған актриса.

Роза Бағланова десе, ең алдымен «Ах, Самара-городок» әні еске түседі. Себебі, ол әрдайым осы әнін бар болмысымен, жан-жүрегімен орындайтын. Соғыстан соң сахнаға оралған өнер иесі бүкіл КСРО жұртының

ықыласына бөленіп, көптеген елдердің халық әндерін орындаумен қатар, танымал композиторлардың да әндерімен қоржынын толтырды.

Телехикаяда әнші туралы бұрын-соңды жарияланбаған деректерге де куә боласыз. Оның отбасындағы келбеті, әйел Розаның, ана Розаның болмысы ашылады. Ұлы Тәженмен қарым-қатынасы естелік ретінде беріліп, өмірінің соңғы кезеңдерінде ұлымен бірге туған өлкеге барып қайтуды армандайды. Ол арманы орындалады.

Кинокартинаның әр бөлімінен замандастарының тарапынан әншіге деген зор ықылас-ілтипатты байқайсыз. Режиссерлік көзқарастың осы тұсы көрерменге ой салады. Биші Шара Жиенқұлованың, суретші Гүлфайруз Исмаилованың образдарын көресіз. Тіпті, Дінмұхамед Қонаевтың өзі Роза Тәжібайқызын арнайы шақыртып, халыққа қолдау көрсетуін, әнсапармен елдің әр аймағын аралап шығуын өтінеді.

Тағы бір бөлімінде қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың Роза Бағланованы қалай қастерлегеніне куә боласыз.

РОЗАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ...

Жақында Роза Бағлановаға ұқсайтын кішкентай қызбен таныстым. Інжу есімді бүлдіршіннің сырт бейнесі ғана емес, өнерге құмарлығы да Роза апасына тартқанына қуандым.

Інжу Бақыткелдіқызы болашақта әнші болғысы келетінін жасырмады. Тіпті, әнқоржынында онға тарта ән бар екен. Шәмші Қалдаяқовтың әндерін жақсы көретін Інжу алдағы уақытта ән мен биді қатар алып жүргізі келеді.



2015 жылы Роза Бағланованың туған жері Қазалы ауданында ескерткіш-биусті орнатылып, еске алу кеші болып, Исраил Сапарбай, Ескендір Хасанғалиев секілді дара жол иелері қатысқан. Сонда Роза апаның келіні кішкентай Інжудің талабын байқап, арнайы шақырыпты. Сол кездегі Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевтың өзі байқауда Інжудің ән салғанына тамсанып, «Болам деген балаға» құрмет көрсеткенін де айтып берді. Мұның бәрі бала қиялын көкке шарықтататыны сөзсіз.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Тақырыбымызды Роза Бағланованың «Менің ұлы Отаным, сүйікті Республикам, ғажайып ұлтым! Кеудемде жүрегім соғып тұрғанда мен халқыма қызмет етуден танбаймын», – деген жалынды сөзімен түйіндегіміз келеді. «Бұлбұл» телехикаясы – сол Роза Бағланованың жарқын бейнесін, ғұмырының қалтарыс-бұлттарысын айқын көрсеткен әрі әнші өмірінің сәулелі сәттерін көрермен назарына ұсынған туынды.



МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НҮСҚАСЫН «QAZAQ» ГАЗЕТІНІҢ WWW.QAZAQ1913.COM САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗ!

Қызжібек ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ

Бесінші сынып деп нақты айтуымның өзіндік себебі бар. Бірде үйге рулас боп келетін ағамыздың үйіндегі жеңгей келді. Дастарханды айнала отырған үйдегілермен амандасып, керееутте отырған менің жанымға кеп кідіріп қалды. Кітаптың қызығына «кіріп» кетсем керек. Кенет қолымдағы кітапты сарт еткізіп жауып, мұқабасына көз жүгіртті. Түрі өзгеріп кеткен. «Бесінші сынып оқитын қызға мынадай кітап оқытқандарың не?!» деп әпкелеріме қарады. Сол сәтте үлкендердің алдында қатты қысылғаным әлі жадымда. Жеңгейдің әрекетіне емес, махаббат туралы кітапты оқығаным үшін ұялдым. Ол кездің тәртібі мен тәрбиесі бүкіл әулетке ортақ болатын.

Сол күннен бастап махаббат атаулы кітаптың бәрі кіреберістегі дәліз бұрышында тұратын ескі сандыққа жиналып, сандықтың аузына кішірек қулып салынды, кілтті үлкендер жасырып қоятын болды. Мен де өзімше қулыққа көштім. Кілт орнын көріп алдым, сол жерден кілтті алып, сандықтан аяқталмаған Нұршайықовтың кітабын қойныма жасырып, сарайдың ішіне кіріп оқып-оқып алып, қайта орнына қоя қоямын. Сөйтіп жүріп романды оқып бітіргенім есімде. Біз мектепті аяқтағанша сандық сол дәліздегі орнынан қозғалмады. Ішіндегі кітаптар да тап солай сақталды. Тек бір ғана нәрсе өзгерді – жоғары сыныпқа барғанда кітапты жасырып емес, оқитын кезде сандықтан алып, еркін оқып жүрдік.

«Махаббат, қызық мол жылдармен» осылай танысып, көркем әдебиетті оқуға деген құштарлығым осылай басталып еді...

Иә, қаншама күндер, айлар, жылдар өтті. Бой түзеп бойжеттік, студент атандық, тұрмыс құрдық.

...Күндердің күнінде өспірім жастан шығармасын жастанып оқыған сүйікті жазушымен кездесіп, сұхбаттас болудың сәті түсті. Әрине, газеттің тапсырмасымен. Бұл кезде Халима апа дүниеден өткен еді.

Жазушы сұхбатты үйінде беретінін айтты. Қыс мезгілі, аязды күн болатын. Қоңырауды басқаным сол, есікті қарт жазушының өзі ашты. Амандық-саулық сұрастық. Бесеңдеу дауыспен сөйлейтін, сөзі де құлаққа сондай тым жұмсақ естіледі екен. Аздап мазасы болыңқырамай жүргенін айта жүріп, кітап сөресі лықа толы шағын зал бөлмесіне бастап кірді. Креслоға жайғасқан менен қай өңірден, қай тума екенімді жәймен сұрай бастады. Әңгімелесе отырып, сұхбатымыз жалғасты. Халима апа туралы жиі айтты. Соғыс кезінде Халима екеуінің бір-біріне жазған екі папка хаты сақталғанын, Халимасы дүниеден өтсе де, ол туралы көп ойларын қағазға түсіріп отыратынын, атақты романындағы бас кейіпкер Меңтайдың бойындағы қасиеттің барлығы Халимадан алынғанын әсерлі етіп баяндап берді. Сөздің ретіне орай мен де «Махаббат, қызық мол жылдарды» неше жасымда оқығанымды, қанша рет оқып шыққанымды, бас кейіпкері Меңтай Ербосынованың (Нұрғамилла Нұрбосынова) үйінде екі күн болып әңгімедүкен құрғанымды айтып, сол сұхбатым шыққан газет қиындысын көрсеттім. Сол сәтте жазушы елең ете: «Нұрғамилладан да сұхбат алғанбысың, тоқтай тұр, мұның көшірмесін жасап алайын, ерекше материалдар жинақталған папкіме салайын. Және сенің келгеніңді, өзара әңгімемізді ұмытпай тұрғанымда, қысқаша етіп күнделікке түртіп қояйын» деп, қасында дайын тұрған қолжазба-күнделігін қолына алды. Қарт қаламгердің күнделікті тұрақты жүргізіп отыратынына осылай куә болғаным бар. Әрі десеңіз, бөлмедегі үстелдің үстінде осы заманның озық техникалары сап түзеген: ксерокс, факс, компьютер, принтер, сканер және ескі қара машина...

Арада екі күн өткенде қағазға түсірілген сұхбатты алып жазушының үйіне қайыра бардым. Сұхбатты оқып шықты да: «Өткенде диктофонмен келмедің, қаламыңмен бірдеңелерді сүйектеп отырғанды ғана байқағам. Сонда «диктофон жоқ журналист көсіле айтқан әңгімеді қалай жазбақ?» деген күдікте отырдым. Қателесіппін. Диктофон мына жақта екен ғой!» деп, сұқ саусағымен басын көрсетіп, ризашылығын танытып еді-ау...


Одан кейін араға үш жыл салып жазушымен қайта көрістім. Бұл жолғы екеуара әңгімеміз ауқымдырақ болып, таралымы көп басылымның екі нөміріне қатар, айқара бетіне шықты. Сол кезде «Қызжібек-ау, мен туралы роман жаздың ғой» дей отырып, өз қолымен жарты беттік әдемі тілегін жазып, ұсынып еді.

Алла бұйыртып, осылайша жазушы Әзілхан атаның шаңырағында бірнеше рет болдым. Дәм-тұз бұйырған деген осы шығар...

Иә, Нұршайықов шығармашылық тұлға. Үлкенді-кішілі шығарма жаратқан қаламгер. Ғасыр мерейтойына орай бүгінде жазушының шығармаларын көпшілікке кеңінен насихаттау жұмыстары жүргізілуде.

Ұзақ жылдар журналистика саласында жүрсе де, қарымды журналист үнемі әдеби жұмыспен айналысты. Яғни, жазушының шығармашылық стилі біртіндеп қалыптасты. Әйгілі романына дейін Әзілхан Нұршайықовтың «Алыстағы ауданда» (1956), «Тың астығы» (1958), «Ертіс жағасында» (1959), «Жомарт өлке» (1960), «Махаббат жыры» (1964) атты очерк, әңгіме-повестері жарық көріп, өз оқырмандарымен қауышқан кезітұғын. Ал, жазушының есімін әйгілеген бірден-бір шығармасы – «Махаббат, қызық мол жылдар».

Көркем проза жанрында сүбелі еңбек еткен қаламгердің қаламынан атақты романынан бөлек «Махаббат жыры», «Тоғыз толғау», «Автопортрет», «Ақиқат пен аңыз», «Екі естелік», «Жамбылға хат», «Менің замандастарым», «Қаламгер және оның достары», «Мәңгілік махаббат жыры» сияқты кітаптары оқырман қауым мен сыншылардан жоғары бағасын алды.



■ Әзілхан Нұршайықов тоғыз жыл ғашық болып, елу төрт жыл отбасылық ғұмыр сүрген Халимасына арнап «Мәңгілік махаббат жыры», «Халима» атты мұңды да сыршыл хикаяттарын жазды

МАХАББАТ ЖЫРШЫСЫ

• / ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ,
МЕМЛЕКЕТТІК СЫЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ ӘЗІЛХАН
НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ /

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ
ЕСІМІН ЕРЕКШЕ ЫСТЫҚ КӨРСЕТЕТІН
ТУЫНДЫСЫ – «МАХАББАТ,
ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР». ҚАЗАҚТЫҢ
ҮЛКЕН-КІШІ, КӘРІ-ЖАСЫНА
ДЕЙІН, ТІПТІ ӨЗ КЕЗІНДЕ
ЖАЙЛАУДАҒЫ МАЛШЫҒА ДЕЙІН
БҮЛ КІТАПТЫ ҚОЙНЫНА
САЛЫП АЛЫП ЖҮРІП ОҚЫДЫ.
РОМАН СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ШЫНАЙЫ
СТУДЕНТТІК ӨМІРДІ, ЖАСТЫҚТЫ
СҮРЕТТЕГЕНДІКТЕН БОЛАР
МӘНГІ ЖАСТЫҚ ШЫҒАРМАСЫ
БОЛЫП ӘЛІ ДЕ ӨМІР СҮРІП КЕЛЕДІ.
СОЛ КӨП ОҚЫРМАННЫҢ
БІРІ РЕТІНДЕ ӘЙГІЛІ ШЫҒАРМА
АВТОРЫН МЕН ДЕ СЫРТТАЙ
ЕРТЕ ТАНЫДЫМ. МЕКТЕП
ҚАБЫРҒАСЫНДА... БЕСІНШІ СЫНЫП-
ТА ОҚЫП ЖҮРГЕНІМДЕ...

Осындағы атақты «Ақиқат пен аңыз» роман-диалог жазушының өзінің ғана емес, аңыз адам Бауыржан Момышұлының абыройын одан әрмен асқақтата түсті. Батырдың бүкіл болмысын, майдандағы ерлігін, бейбіт күндегі адалдығын, азаматтығын, оның пайым-парасатының ерекше болғанын, ой-өлшеміннің көп жұрттан көш ілгері тұрғанын барша оқырман танып, білдік. Жақсы шығарма автордың ғана емес, оқырманның да қазынасы екенін, сол қазына өзіне зор абырой әкелгенін Нұршайықов 2004 жылы 20 ақпанда Ғылым академиясында өткен «Бауыржан Момышұлының рухани-адамгершілік, әскери-философиялық мұралары және ел ішінде Отанды сүюге тәрбиелеу мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде әдемі келтіріп өтеді: «Мен Баукеңнің шәкіртімін. Баукеңмен замандас, сыйлас, сйрлас болғанымды мақтаншы етемін. Егер өмірде Баукең болмаса, мен мұндай атақты, абыройлы адам болмас едім. (Егер атақты, абыройлы екенім рас болса). Бұған бір ғана мысал айтайын. Менің шыққан кітаптарымның барлық тиражы бір миллион данадан асыққырайды. Соның 361 мың данасы Баукең туралы жазылған «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогының өзінің ғана таралымы. Үштен бірі». Ал, 1980 жылы жазушыға осы шығармасы үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілген болатын.

Қаламгер көркем аударма саласында да сүбелі еңбек етті. Ол Иван Буниннің, Михаил Шолоховтың, Петр Павленконың, Анатолий Якобсонның шығармаларын қазақшаға сәтті тәржімалады. Және өз шығармалары да қырғыз, өзбек, тәжік, молдован, татар, якут тілдеріне аударылып, жарық көрді. Ал, тоғыз жыл ғашық болып, елу төрт жыл отбасылық ғұмыр сүрген Халимасына арнап жазған «Мәңгілік махаббат жыры», «Халима» атты мұңды да сыршыл хикаяттары жазушының абырой үстіне абырой қоса түскен құнды шығармалары болды.

Әзілхан Нұршайықовты өзге жазушылардан ерекшелетін қасиетінің бірі – жауапкершілік. Мәселен, шығармаларына келген хат иесіне, яғни әр оқырманына мұқиятты түрде жауап жазуды автор жақсы үрдісіне айналдырған. Айталық, «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабы шыққанда оқырмандарынан он мыңнан астам, ал «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы жарық көргенде бес мыңға жуық оқырманынан хат алып, соның ішінде мыңнан астам оқырманына жауап жазыпты. Жалпы жазушылардың ішінде оқырмандарынан ең көп хат алған да Әз-атамыз екен.

2005 жылы, жазушының көзі тірісінде он томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Жүз жылдығы қарсаңында, өткен жылы «Qazaqstan» ұлттық телеарнасынан әйгілі романның желісі бойынша түсірілген жиырма бөлімнен тұратын «Махаббат,

қызық мол жылдар» телехикаясы көрерменге жол тартты. Телехикая оқиғасы майданнан аман оралған ардагер жазушының бейбіт өмірдегі тыныс-тіршілігінен бастау алады. Бас кейіпкер Ербол образы арқылы қазақ жауынгерлерінің ерлігі мен шынайы махаббат сезімі баяндалады. Телехикаяның продюсері – Ернар Мәлікөв. Басты кейіпкерлер Ербол мен Меңтайдың рөлін актерлер Еркем Тұрғанбек пен Нарқыз Айдарова сомдады. Телехикаяның саундтрегі қаламгердің «Қызыл көрпе» өлеңіне жазылды. Оны әнші Әли Оқапов орындады.


Тағы бір жағымды жаңалық. Былтыр Әзілхан Нұршайықовтың жаңа форматта басылып шыққан «Махаббат, қызық мол жылдар» романының тұсауы кесілді. ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпулының айтуынша, жаңа форматта шыққан кітаптың мәтінде ешқандай өзгеріс жоқ. Бұл – қаламгер туындысының түпнұсқасы. «Фолиант» баспасының романды осылай жаңаша шығаруы былтыр түсірілген телехикаядағы кейіпкерлердің бейнесі негізінде жүзеге асырылды.

Рас, шығармашылық бақыты мен оқырманның ыстық ықыласына бөленуде бағы жанған майдангер-жазушының ғасырлық мерейтойы республика көлемінде тойлануда.

Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығы таңдай қағып тұрғандығы да, тамсана құрметтеуге де әбден лайықты!



■ Өткен жылы «Qazaqstan» ұлттық телеарнасынан Әзілхан Нұршайықовтың әйгілі романының желісі бойынша түсірілген жиырма бөлімнен тұратын «Махаббат, қызық мол жылдар» телехикаясы көрерменге жол тартты



■ Қарымды қаламгер Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығы қарсаңында былтыр «Фолиант» баспасы «Махаббат, қызық мол жылдар» романын жаңа форматта жарыққа шығарды

Мақаламыздың кейіпкері, қазақты тұтас сүйген, қазақ өмірін бір кісідей білген, білген үстіне білу мақсатында қазақ халқына қатысты үлкен еңбектер жазып қалдырған қабырғалы қаламгер – Қоғабай Сәрсекеев. Оның елдің кешегісі, бүгінгі мен ертеңі туралы ойға құрылған «Қазақия», «Қазақ шаруасы», «Дешті Қыпшақ» роман-хроникалары сондай терең зерттеу жұмыстарының жемісі. Қазақ боп жүріп, қазақ тақырыбын біле бермейміз, білсек те жіті мән бермейміз. Жазушының осынау жазбалары сол олық тұсымызды толықтыра түскендей болған...

«ҚАЗАҚҚА» ҚАЙТА ҒҰМЫР СЫЙЛАҒАН ҚАЛАМҒЕР

/ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ 2006-2014 ЖЫЛДАРДАҒЫ
БАС РЕДАКТОРЫ ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕЕВ ЖАЙЛЫ МӨЛТЕК СЫР /



■ Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ: «Қазақ, халқын аздырғанды хан көрме, көпті адастырғанның соңынан ерме, елін қорғамағанды елші санама, ұлтынан жерігенге еліктеме!..»

Қызылбек ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ

Өткен ғасырдың басында жаңа өкімет тарапынан зорлықпен жабылған ұлт басылымы «Қазақ» және «Айқап» журналымен оқырмандарын қайта қауыштырып, өліп-тірілген «Қазақтың» жүз жылдық мүшел-тойын республика деңгейінде аталып өтуіне бар ерік-күшін жұмсаған да ұлтжанды азамат Қоғабай Сәтенұлы болатын.

Араға 88 жыл салып, 2006 жылдың 22 наурызында 266-санынан бастап «Қазақ» қайта шыққанда, Сәрсекеевтің «қазағым деп шырылдап жарғақ құлағы жастыққа тимей жүруінің» шын сырын замандастары ұққандай болды. «Қазақпен» бірге «Алаш» идеясы қайта жаңғырды.

«Қазақ» газеті дегенде, тіл ұшына алдымен Алаш сөзі және сол газеттің алғаш жарық көруіне аянбай атсалысқан, рухани қазына жасау мұратына ұмтылған алқалы топ: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейхан, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ғұмар Қараш, Мағжан Жұмабаев, Жаһанша Сейдалиев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхамеджан Тынышпаев, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Мұхтар Әуезов, Мұхамеджан Сералин, Нәзипа Құлжановалар оралады. Бұл зиялы қауым күрделі кезең мен шығарлаң шақта ұлтымызға сүрлеу көрсетіп, соқпағын кеңейтіп, өздері ашқан «Қазақ» газеті арқылы қалың бұқараның санасын серпілтті. Өкініштісі, бар саналы ғұмырларын баянды бейнетке арнаған олар әп дегеннен-ақ тағдырдың талқысына ұшырады: қудаланды, түрмеге тоғытылды, артынан атылды...

Алайда, өрге ұмтылып, кеңге талпынған өміршең серпіліс түбі өз нәтижесін берді. Тәубә, Алаш жұрты өз тәуелсіздігін алды. Егемендікпен бірге Алаш қайраткерлерінің еңбектері «тіріліп» алдымызға қайыра оралды. Көмбеден асыл құндылықтарымыз аршылды. Мұндай іргелі істің сапында тағы да сол Сәрсекеев жүрді.

Қоғабай Сәтенұлы Алаш тұлғалары хақында өзі қайта қолға алған «Қазақ» газетіне дәйекті, тың материалдар жариялап, олардың көзі тірі тұяқтарымен сыр-сұхбаттар өрбітіп, оқырмандарымен қауыштырды. Бір сөзбен қайырмағанда, Тәуелсіздік дәуіріндегі «Қазақтың» бас редакторы Алаш идеясы бойына да, ойына да әбден сіңгенін осылайша айқын танытты. Расында да, Қоғабай Сәтенұлы Ахмет пен Міржақып туған Торғай өңірінен. Және алаштықтар туралы ескі құлақ, көнекөз қариялардан үнемі естіп, есіне тоқып ержеткенін, қаршадайынан әдебиеттің қара солдатты боп қалыптасқан

ол туған нағашысының жазықсыз қалай атылғанын өмірбаян дерегінде былай деп өрбітеді: «...естіміз бар, осы газеттерді таратып, тіпті сақтағаны, ұстағаны үшін талай естіяларымыз бұрын «халық жауы» болып ұсталып кеткен. Бұл туралы үлкендер айтып отыратын. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағи» сандықта жатып, солардың өлеңдерін оқығаны үшін, әнге салып орындағаны үшін туған нағашым Жүсіпназар Байтұрсынов дейтін кісі ұсталып, атылған екен. Ол ешкімге қиянат жасамаған, өкіметке зияны жоқ, ішпеген, жемеген, тек әнші ғана болған адам. Бірақ, үйін тінтігенде сандығынан Құран, Міржақыптың «Оян, қазақ» кітабы шыққасын жазықсыз айдалған, кейін атылыпты. Осының бәрі шер емей не?! Осының бәрін мен шешемнің айтқандарынан білемін. Ол Ахандардың жазғандарын жатқа айтып отырушы еді. Бала кезден құлағымда қалды. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары жаппай түрлі басылымдар ашыла бастады ғой. Сол кезде маған бір кездердегі «Қазақ» газетін қайта жаңғыртсақ қайтеді деген ой келді. Тірілтік келді. Үзілгенді жалғағым келді...»

Иә, қайталап айтсақ, Сәрсекеев Алаш арыстарының үзілгенін жалғады, аяқсыз қалған армандарын асқақ етті. Олардың әрқайсысының өмір жолы мен шығармашылық тағдырына тоқталды. Соның нәтижесінде «Ұлт ұстазы немесе Ахмет Байтұрсынов жайлы ой түйін», «Үш Арыс», «Үш таным» деп аталатын роман-эсселерін жазды. Ұлт ұстаздарын ұлықтады.

Осынау еңбектері және «Қазақ» газеті қайта жарыққа шыққанда академик Серік Қирабаев шексіз ризашылығын былай білдіріпті: «Бір кезде Ахаң «Қазақ» газетінде «Біз жоқ іздеген жолаушымыз» деп еді. Ол «жоқтар» – қазақтардың отаршыл өкімет тартып алған жері, уысынан шығарып алған ел билігі, жоғала бастаған халықтың қасиеттері – намысы, ары, батырлығы, ұлттың рухы, тілі, ділі, діні, жат елдің шаруасын істеуден қашақтаған қазақтың жалқаулығы, ішкі алауыздығы сияқтылар болатын. Алаш арыстары кезінде осы «жоқтарды» іздеуге шығып, елін ұйқыдан оятуға, өнер-білім жолына түсуге бағыттады. Ал, Қоғаш сол «жоқтардың» бүгінгі іздеушісі. Бірақ, бүгінгі «жоқтар» заман ыңғайына сәйкес өзгерген, сәл басқашалау. Олар – кеңестік бодандық кездегі езгінің түрлерін іздеу, жерді бөлшектеу мен сатуға қарсылық, тәуелсіздік туғанда айырылып қалған қазақ шаруаларының өндірістік құрал-жабдықтарына сұрау салу, қазақ жастарының жұмыссыздығы, әлі де жаңаша дамуға түсе алмай отырған халықтың ескішіл сана-сезімін, намысын, рухын ояту, мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріле алмай отырған қазақ тілінің тағдыры...»

Рас, халықтық қасиет пен ұлттық игіліктерді ілгері дамытатын ғалымдар мен жазушылар. Академиктің қаламгер інісіне берген бұл бағасы өте орынды.

Алаш тақырыбына дейін өз буыны, алдындағы жазушы ағалары секілді Қоғабай Сәтенұлы да кеңестік дәуірде қадау-қадау тақырыптарды шығармаларына арқау етті. Оның «Қызыл жалау», «Аққарма», «Үш Арыс» романдары мен «Кілт», «Қараша қаздар», «Құс қанаты» атты кітаптарына кірген әңгіме-хикаялары, «Портреттер», «Төрттаған» жинақтары оқырман қауымға мәлім.

Осындағы «Қызыл жалау» – оқырмандардың ыстық ықыласына бөленген бірден-бір туындысы. Тіпті, қаламгер шығармашылығындағы ерекшелікті тануда Ғабит Мүсіреповтің де пікірі жоғары болған.

«Қызыл жалау» деген атпен берілген бұл романның бірінші кітабын мен қадағалай, барлап оқып шықтым. Шығармаға мінез керек. Бұл жағынан алғанда, автордың қадамы құптарлық. Көркем дүниедегі әрбір әрекет өзіне лайық жағдайында шыншылдықпен бейнеленгенде ғана үйлесімділік табады. Типтік характерлер қай уақытта та типтілік тұрғыда жасалуға тиісті. Қоғабай Сәрсекеев романында осындай мінездің барлығы ішті жылытады.»

Міне, ұлы суреткердің Сәрсекеевті «мінезді көркем шығарма жазған қарымды қаламгер» санағанына куә боламыз.

Жазушы проза жанрымен қатар драматургия сала-сында да қалам тартқан. «Қол мерген», «Кесте орамал», «Ыбырай Алтынсарин», «Мұңлық-Зарлық», «Фатима», «Ашудас», «Сарбаздар» сияқты пьесаларының театрларда қойылғанын біреу білсе, біреу білмес. Сондай-ақ, ол кей жағдайда ойларына өлең сөзді де қолданды. Мәселен, «Абайға шағым» атты ойын өлең түрінде Абайдың «Сегіз аяқ» ізімен:

*«Ақыреттің азабын жеп,
«Қалың елім қазағым» деп,
Қапа болдың ұлы Абай.
Жүгініп-гибрат сөзіңе,
Шағым айтамын өзіңе!..»* – дейді.

Сонымен қатар, «Ахаң сыр ашу», «Өмірбаян» атты өлеңдері осыған дәлел.

«Өмірбаянында»:
*«Жылым – қоян,
Күнтізбем – тоқты*

Отыз тоғыздың бірінші әпірелі, – демекші, бұл мөлтек-сыр «Қазақтың» қазағына қайтарған, «Қазаққа» қайта ғұмыр сыйлаған қайраткер-жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің туған күніне орай жазылып отыр. Көзі тірі болғанда 1 сәуірде қаламгер 83 жасқа толар еді...

ТҮРКІЛЕРГЕ ӨЛЕМДІ ТІЗЕ БҮКТІРУГЕ КӨМЕКТЕСКЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Адам баласының атты ауыздықтап мінуі және ер-тұрманды ойлап табуы, шын мәнінде, үлкен жаңалық болды. Ердің шығуы жайында Орта Азия халықтарында мынадай аңыз бар: «Бірнеше мың жыл бұрын мұсылман патшасы Жәмшид ұзаққа созылған атты жорықтан соң артын жарақаттап алады, ауырған жерін жеңілдету үшін атының арқасына иленген қамыр салғызып мінеді. Ауырған жері жазылып, қамырдың аттың арқасына келісті формаға келіп қатая бастағанын байқаған патша, аяғының талғанын қойдыру үшін ат үстіне тұзақ тастап, оған аяғын салады, содан аяғының талғаны қояды. Сонда патша жайма нанның формасындай етіп ағаш пен былғарыдан зат жасауды бұйырады. Сөйтіп, оны «ер» деп атайды.»

Сыртқы бітім ерекшелігіне орай ердің «қазақ ері», «қоқан ері», «құранды ер», «ашамай ер», «қазық бас ер», «орыс ері» деп аталатын көптеген түрі бар. Ер-тұрманның құрамына ердің жеке басынан басқа тоқым, желдік, терлік, тебіңгі, үзеңгі, айыл, қуысқан, өмілдірік, жүген, жабу, ат көрпе, тұсау, шідер сияқты заттар да қосылады. Осылардың бәрін халық күнделікті өмірде «ер-тұрман» демей, «ер-тоқым» деп атай береді.

Еуропалықтардағы ер-тұрман туралы мәліметтерді 340 жылы Рим тағының мұрагері кіші Константинді өлтіруге байланысты оқиғадан, 385 жылы Император Феодосийдің пошта аттарына салынатын ер-тоқымның салмағы 60 фунттан аспасын деген ережесінен кездестіруге болады. Ал, Орта Азияның ғұндары алдыңғы және артқы қасы бар, сүйегі ағаштан жасалатын қатты ерлерді б.з.д. III ғасырлардан кейін-ақ кең қолданыла бастаған екен. Сондай-ақ, ерлерді бірінші үстіне бірін қойып, бекіністер жасағаны жөнінде мәліметтер де айтылады.

Ер-тұрман жабдықтарын жасау кез келген адамның қолынан келе бермеген. Халық ішінен шыққан шебер-

лердің қолынан ғана жасатушының ұлына немесе қызына арналып жасалған. Ер-тұрман жабдықтарын жасайтын шеберді – «ерші» дейді. Ершілер көбінесе ағаш ұсталығын, темір ұсталығын, зергерлік өнер мен үйшілік, тігіншілік, өрімшілік өнерін қатар меңгерген әмбебап шебер болып келеді. Хандар, сұлтандар, байлығы тасыған байлар ердің алдыңғы қасына асыл тастардан ботақөздер орнатқан. «Еңсегей бойлы ер Есім» жырында Есім ханның ер-тұрманының гауһар таспен безендірілгені сөз болады:

*«Тоқымға желдік мінеді,
Ерине гауһар орнатқан,
Жабдықталған алтынмен.
Тілде, дабыл төңкеріп,
Жаңалап ат мінсін деп,
Армансыз болып жүрсін деп...»*

Көшпелі түріктер ер басын әшекейлеуге алтын, күміс, асыл таспен қоса, түйе, жылқы, сиыр секілді ірі малдардың жақ, жауырын, қабырға сүйектерін пайдаланатын болған. Ер-тұрман жабдықтарын әшекейлеу VII-VIII ғасырларда Шығыс Еуропа және сібірлік көне түркі



тайпаларынан басталған. Бұл ретте, әсіресе, аварлар ерекше рөл атқарған.

Қазақтардың сән-салтанатты ер-тұрмандары туралы ақпарлар жазба деректерде кездеседі. Табиғаттанушы Герман салт атты қазақпен кездескенін, ер-тұрманның «алтынмен апталып, гауһар, лағыл... тастармен» әшекейленгенін жазады. Қазақтың қандай кәсіпке болмасын табиғатынан қабілеттілігіне сүйсінбесе, қарапайым құралдармен тамаша ер қапталдарын жасап, алтын, күмістен әсем бұйымдар жасайтындығына таңданбақса болмайды. Дәл сондай ерекше ер-тұрманның бірі – Ба-

тыс Қазақстан облыстық Тарихи-өлкетану музейінің қорына 2003 жылы тапсырылған екен.

Толық жиынтықта алынған ер-тұрман өте бай және әртүрлі әшекейлермен ерекшеленеді және сирек үлгілерге жатады. Жиынтықтағы әрбір зат сөзсіз көркемдік құндылыққа ие. Ер-тұрманың томағасы алтын жалатқан металға өсімдік тәрізді ою-өрнек ойылып жасалған, астары қызыл түсті киізден жасалған. Жоғарыда қызыл түсті сапфир тасы тағылған. Өсімдік тәрізді оюдың шығуына негіз болып ашылып тұрған гүл тәріздес оюдың дәл ортасына бекітілген тас. Шеттерінде арнайы шеге қауға арналған орындары бар. Ердің томағасы металмен әсемделіп қағылып, астыңғы бөлігі киізбен қапталған. Алдыңғы және артқы қасы былғарыдан ұялған. Ат әбзелдегі жазуға қарағанда ер-тұрман хан тұқымынан шыққан беделді адамға тиесілі екендігі анықталды. Ер-тұрманды жасауда алтын жалатқан металл қолданғандығы да сол себепті деуге болады. Ер-тұрман қажы Рахим Даменинің ағасына тиесілі болған. Музей қорындағы бұл жәдігер сирек кездесетін үлгілердің бірі және өте құнды әрі сапалы материалдармен ерекше үлгіде жасалуымен ерекшеленеді.

Халық көлөнерінің түп тамыры халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп, ұрпақтан ұрпаққа жеткен ұлттық көлөнер – ер жасауы бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі. Ол жаңа заман талаптарымен үндесе тарап, ақыл-ойды асқарға, қиялды қиялға жетелейтін киелі мұра.

Аяулым ТЕМИРОВА,

Батыс Қазақстан облыстық Тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы



Ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті төменде құрылымы өте қиын әлемдегі ең ерекше сәулет туындыларын оқырман назарына ұсынуды жалғастырады.

СӘУЛЕТІ ЕРЕКШЕ ҒИМАРАТТАР

Wuxi Wanda Exhibition Center (Шэйнек ғимарат) – Қытайдың Цзянсу ауданындағы Уси қаласында орналасқан шэйнек кейпіндегі мәдени көрмелер орталығы. 10 қабаттан тұратын ғимараттың құрылысы 2017 жылы аяқталды.



Haines shoe house (Бәтеңке үй) – АҚШ-тың Пенсильвания штатына қарасты Хеллам қалашығында осыдан 70 жыл бұрын салынған ерекше үй. Бұл бәтеңке үйін өз заманындағы атақты кәсіпкер Мэлон Хейнс ойлап тапқан. Ол кезде 73 жастағы кәсіпкердің қол астында құрамына 40 аяқ киім дүкені кіретін ірі аяқ киім компаниясы бар еді. Аталмыш үйдің ені – 12 метр, биіктігі – 8 метр. Тіпті, үйдің пошта жәшігі де бәтеңке формасында жасалған.

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, көңіл айту, хабарландыру бергізіп келсе, хабарласыңыз: **+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88**

МЕНШІК ИЕСІ	«МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ
РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ	МАХМУТ НӘЛІБАЕВ
БАС ДИРЕКТОР	ҚАЛИ ҚАМБАРОВ
БАС РЕДАКТОР	ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ	СИВИ МАХМУДИ
ЖАВАПТЫ ХАТШЫ	МАРЖАН ЖАМБАЙ
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР	АЙНУР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ
ШОЛУШЫЛАР	ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ ҚЫЗЖІБЕК ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ АРУЖАН МҰХАНБЕТҚАЛИ
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР	ЖАНСАЯ ШЫҒЫСХАН – НҰР-СУЛТАН СЕРІК ШАЙМАН – ҚОСТАНАЙ
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ	ҚОҒАМАЙ СӘРСЕКЕЕВ САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ ХУСАЙЫН УӘЛИЕВ ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАН
РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, А05А1D6, Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 303 кеңсе (редакция) A25H9M7, Береговая көшесі, 12 үй (бас кеңсе)
РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ	+7 (701) 505 48 48 kazakh_2006@mail.ru
ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР	Халықаралық Алматы әуежайы Б. Майлин к-сі, №02 Алматы метрополитенінің барлық бекеттері «Райымбек Батыр», «Жібек жолы», «Алматы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Маскеу»
ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮНГІРШЕКТЕР	«Алматы-1» теміржол бекеті Станционная к-сі, № 01 «Алматы-2» теміржол бекеті Абылай хан даң., № 01 «Сайран» автобекеті Төле би к-сі, № 294
ГАЗЕТ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР	«Караван», «Kok tengri» (Алматы) дүңгіршектері
ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР	«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері
ТАРАЛЫМЫ 21 000 ДАНА	ТАПСЫРЫС № 387 / 43
Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») және «Өмір-Нұр» (Талғар, Қонаев к-сі, 18) баспаханаларында басылды	

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді; Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды; Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұнов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді; 2006 жылы Қоғамдай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты; Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады; Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына / тіліне жауап бермейді; Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады

жариялану ақысы төленген мақалалар



КІТАП ОҚЫҒАН ОЗАР...

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР КІТАБЫ КҮНІНЕ ОРАЙ «КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!» АТТЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БАЙҚАУ ӨТТІ



Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасында Халықаралық балалар кітабы күніне орай «Жыл – он екі ай» балалар журналының ұйымдастыруымен «Кел, балалар, оқылық!» интеллектуалды байқау өтті. Байқауда №147 мектеп-гимназия мен №53 мектеп-гимназияның 5-сынып оқушылары өзара бақ сынады. Сайыстың басты мақсаты – балаларды кітап оқуға ынталандырумен қатар, олардың ұлттық таным көкжиегін кеңейту. Әділқазылар алқасында публицист, жазушы және «Жыл – он екі ай» журналының бас редакторы Талғат Айтбайұлы, публицист, балалар жазушысы Бейсенбай Сүлейменов, терапевт-дәрігер Меруерт Сартымбекова болды.

Алмабек ИБРАЙМОВ

Интеллектуалды байқау алты кезеңнен құралды. Алғашқы айналымда оқушылар «Алаш» (№147 мектеп-гимназия) және «Жас

Ұлан» (№53 мектеп-гимназия) тобына бөлініп, өз топтарын таныстырса, келесі айналымда қазақ тарихында ерекше орын алатын тұлғалардың бейнесін тану бойынша білімдерін саралады. Үшінші айналымда берілген ұйқастар бойынша өлең шығарып, берілген мәтін бойынша мақал-мәтелдерді еске түсірді. Көрсеткіштер

де сайыстан тыс қалмай, «Жанкүйерлер сайысына» қатысты. Көрсеткіштер арасында мақал-мәтел, жұмбақтар бойынша берілген тапсырмаларға жауап беріп, өзі қалаған топқа бір ұпайдан беріп отырды. Келесі айналымда топ басшылары арнайы викториналық сұрақтарға жауап берді.

Соңғы айналым «Бұл не?» деп аталды. Сайыстың шарты бойынша қораттың ішінде жасырылған затты берілген мәліметтерді саралай отырып табу керек болды.

Байқау соңында «Жас Ұлан» тобы 1-орынды, «Алаш» тобы 2-орынды иеленді. Одан бөлек, сайыс барысында белсенділік көрсетіп, жаңылпаш, өлең және мақал-мәтел айтқан, жұмбақ шешкен оқушылар да арнайы Алғыс хаттарға ие болды.

Шараға келген барлық балаларға «Жыл – он екі ай» журналының бас редакторы Талғат Айтбайұлы «Жыл – он екі ай» журналын және балалар жазушысы Бейсенбай Сүлейменов өздерінің кітаптарын сыйға тарта, шараның басы-қасында жүрген Рабиға Қалдыбайқызы осындай байқаулар балалардың рухани дамуына үлкен үлес қосатынын атап өтті.



СҮНДЕТКЕ ОТЫРҒЫЗУ САЛТЫ

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

«Ашамайлы атқа міндің, Мұсылмандық таққа міндің. Сүндетке отырғаның – иманды болғаның, Тойын тойлап, думанды болғаның», – деп ата-бабаларымыз балаларын сүндетке отырғызатын. Яғни, атқа мінер жасқа толған (3 жасқа) ұл балаға шілдеханадан кейінгі жасалатын үлкен тойлардың бірі – сүндет тойы.

Қазақ халқы баланы сүндеттеуді ислам дінін қабылдағаннан кейінгі салтына сіңірген дәстүрдің бірі болып табылады. Халқымыз баланы сүндетке тақ жасында отырғызған. Үш, бес, жеті, тоғыз жасында, одан кеш дегенде он үш жасында сүндеттеген. Дегенмен, он үш жастан кешіктіруге болмайды. Өйткені, баршамызға белгілі шариғат бойынша ұл бала 13 жаста, ал қыз бала 10-11 жаста балиғат жасына толады.

Қазақ халқы сүндетке отырғызылған баланы: «Міне, енді азамат болдың!» – деп ағайын-туысты жинап, ұлан-асыр той жасайтын болған. Бар жақсыны баланың алдына қоятын қазақ халқы сәби дүниеге келгеннен бастап өмірінде маңызды деп атаған күндерін тойға айналдырған. Мысалы, құрсақтой, шілдехана, бесіктой, қырқынан шығару, тұсаукесер және сүндет той (ұл балаларға). Ағайын туысты жинап сүндеттелген баланың құрметіне той жасайтын кезде, осы тойда баланың нағашылары үлкен рөл атқарады. Өйткені, қазақта бала үшін нағашы жұртының орны бөлек екенін жақсы білеміз. Баланың нағашы жұртынан, яғни жиеннің нағашысынан алатын үлесі болады. Мысалы, қазіргі кезде нағашылары бір тай мінгізіп жатады, ал бұрынырақта «қырық серкеш» берсе, бір жерде «қырық шұбар тай» берген екен. Нағашы жұрты жиенінің сүндетке отыруына орай ертеңгі күні төлі өсетіндей етіп, осы үлестің бір бөлігін – малын айдап келген. Оны өздеріне міндет ретінде қараған. Ер-азаматтың ауқатты болуы осылай өзіне берілген жеке мал басының жиналуынан басталған десек артық болмайды.

Сүндет той жасау бала қарақұлақтанып қатарға қосылған күннен бастап ат жалын тартып мініп, азамат атанғандығының алғашқы белгісі болып саналады. Ал, осы мәселені, яғни сүндеттеуді діни тұрғыдан қарайтын болсақ, сүндеттеу – тамыры тереңге жайылған діни әдет-ғұрып. Сүндетке отырғызу – тазалықтың, пәктіктің, мұсылмандықтың белгісі.

Ислам дінінде баланы сүндетке отырғызу үлкен мәнге ие әрі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннет амалын жасау болып табылады. Әбу Нұрайрадан (р.а.) жеткен бір хадисте Алла Елшісі (с.а.с.) былай деген: «Бес нәрсе фитрдан (әуелгі жаратылыстағы әдеттерден). Олар: баланы сүндетке отырғызу, мұртты басу, қолтық пен ұятты жерді түктен таза ұстау және тырнақты алу».

Хадисте айтылғандай, сүндетке отыру – адамзат жаратылысымен астасып жатқан сипаттардың бірі. Бұл дәстүр – Ибраһим пайғамбардан (ғ.с.) бері келе жатқан ханафи дінінің рәмізі. Дереккөздерге қарайтын болсақ, өзге де пайғамбарлар сүндетке отыру арқылы осы рәсімді дәстүрге айналдырған.

Тағы да бір хадистерде: «Ибраһим алей-һиссалам 80 жасында (сүннет әмірі келген кезде кешіктірмеу үшін) балтамен өзін сүндеттеді», – деп келтіріледі.

«Сүндетсіз адам 80 жасында болса да, мұсылман болған кезде сүндетке отырғызылады» (Бәйһақи).

«Расуллұлаһ мұсылман болған еркекке 80 жасында болса да, сүндетке отыруын әмір ететін еді» (Табарани).

Өздерін Мұса пайғамбардың (а.с.) ұрпағы санайтын яһуди діндегілерде де сүндеттеу дәстүрі бар. Тазалықты сақтау әдеттерін Алла Тағала Ибраһим (ғ.с.) пайғамбарға бұйырған болатын. Ал, пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерінде Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың Алланың әмірімен сүндетке отырғаны айтылады.

Мәселен, дінімізде төрт мәзһаб бойынша да сүндетке отырғызудың үкімі әртүрлі болып келеді. Яғни, имам Мәлік, имам Шәфиғи және имам Ахмадтың пәтуаларына қарайтын болсақ, сүндетке отырғызу – әрбір ер мұсылманға міндетті іс (уәжіп) деп санайды. Тіпті, мәлики мәзһабында сүндетке отырғызылмаған адамның имамдыққа шығуына да болмайды және ол адамның куәгерлігі де қабыл емес деген қатаң тұжырым бар. Ал, имам Ағзам Әбу Ханифа сүндетке отыру – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеті, дінінің бір рәмізі деп тоқталған болатын.

Халқымыздың ғасырлар бойы ұстанып келген осы бір игі дәстүрін қазіргі таңда медицина да қуаттап, денсаулыққа пайдалы екенін дәлелдеуде. Ал, сүндеттелмеген ер балалардың жыныс мүшесінің басында инфекцияның пайда болу қаупі жоғары екенін медицина ғылыми түрде дәлелдеп берген болатын.

Бүгінгі таңда осы тақырып бойынша АҚШ-та жиырмадан астам ғылыми деректер жарық көргенін атап өту керек. Ал, соңғы мәліметтер бойынша, әлемде ер адамдардың алтыдан бір бөлігі сүндетке отыратын көрінеді. АҚШ-тың педиатрлық академиясы мен медицина қауымдастығының мәлімдемелері бойынша, сүндетке отыруды ескіліктің жұрнағы ретінде қараудың мәні жоқ, яғни ер баланы сүндетке отырғызуына медицинада ешқандай да қарсылық жоқ екенін жариялаған болатын. Мысалы, аустриялық ғылыми зерттеушілердің жуырда ашқан медициналық жаңалығында «ер адамдардың ішінде ЖҚТБ-ға (СПИД) шалдыққандардың басым көпшілігі – сүндеттелмегендер» болып шыққандығын дәлелдеген еді. Өйткені, ЖҚТБ вирусы ең әуелі жыныс мүшесінің ұшын зақымдайтын көрінеді.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылған медициналық-ғылыми дәлелдерге қарап отырып, асыл дініміз бен ата-бабаларымыздың тазалыққа қатты мән бергенін, сүндеттеудің ер баланың өмірінде үлкен орын алатынын жақсы түсінгенін байқауға болады.

Парахат НҰРМАҒАМБЕТОВ,
Абай Құнанбайұлы мешітінің найб имамы